2023-2024 оқу жылындағы біртұтас тәрбие
жұмысының жылдық есебі

2023-2024 оқу жылы бойынша Біртұтас тәрбие бағдарламасы бойынша жылдық жоспар құрылып іс шаралар өткізілді.
Жалпыазаматтық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген ұрпақ тәрбиелеу. Біртұтас тәрбие бағдарламасы ұлттық адами құндылықтарға негізделген.

Тәрбие мақсаты: жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу.

Міндеттері:

ата-ананың өсиетін тыңдауға, перзенттік парызын түсінуге, отбасы татулығы мен берекесін қадірлеуге тәрбиелеу;

ұлттық мұраны қастерлеуге; қазақ тілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келісім, ынтымақ және ел бірлігін сақтауға, отаншылдық пен мемлекетшілдікке тәрбиелеу;

жақсылыққа, игілікке бой түзеуге, абыройлы болуға, ар-ұждан, намыс, жауапкершілік, мейірімділік, қамқорлық пен әділдік қасиеттерін жоғары ұстауға баулу және құқықтық мәдениетін қалыптастыру;

денсаулықты қадірлеуге, салауатты өмір салтын ұстануға, ой тазалығына және эмоционалды тұрақтылыққа баулу;

табиғатқа, табиғи мұраға ұқыптылықпен қарауға және табиғи ресурстарды үнемді әрі тиімді қолдануға тәрбиелеу және еңбекқорлыққа баулу.

Бүгінгі өскелең ұрпақ тәрбиесі еліміздің болашақтағы жарқын келбетін айшықтайды. Құндылық адамның өмірлік ұстанымына, таңдауына, шешім қабылдауына ұстын болатын көзқарастар жүйесін қалыптастыруға ықпал етеді, оның іс-әрекетін, мінез-құлқын анықтайды.

Әдептілік, әділеттілік, мейірімділік, адалдық, отаншылдық, қамқорлық, жауапкершілік, еңбекқорлық, бірлік, ризашылық, бауырмашылдық, ұлттық мұра мен қазақ тілін қастерлеу, қоғам игілігіне қызмет ету, салауатты өмір салтын ұстану секілді қасиеттерді қалыптастыруға тұғыр болатын ұлттық мүдде, ар-ұят, талап құндылықтарын дарыту қажет.

Ұлттық мүдде құндылығы Қазақстанның мемлекеттілігін нығайтуға атсалысуға, оңтайлы имиджін қалыптастыруға, еліміздің мүддесіне, қоғам игілігіне адал қызмет етуге, ұлттық мұраға ұқыптылықпен қарауға және оны дәріптеуге, қазақ тілінің аясын кеңейтуге үлес қосатын, құқықтық, экологиялық мәдениеті жоғары ұрпақ тәрбиелеуге тұғыр болады.

Ұлттық мүдде құндылығын дарыту арқылы отаншыл, мемлекетшіл және намысшыл, мемлекеттік рәміздерді қадірлейтін, елінің тарихын құрметтейтін, ұлттық мұраны, мәдениетті дәріптейтін, құқықтық және экологиялық мәдениеті жоғары тұлға тәрбиелеуді көздейді.

Ар-ұят құндылығы этикалық принциптерді қалыптастыруға, өзін және өзгелерді құрметтеуге, өз ісіне жауапкершілікпен қарауға, мінез-құлықты нығайтуға және жауапты азамат болуға ынталандырады және мейірімділікке,

еңбекқорлыққа баулуды көздейді. Өйткені білім де, ғылым да ерен еңбекпен келеді. Еңбек адам өмірінде маңызды. Адамның рухани дамуына, кәсіби әлеуетінің жетілуіне, қоғамдық сананы жаңғыртуға, ел экономикасын көркейтуге тұғыр болады. Ар-ұят құндылығы академиялық адалдық қағидатын қолдау, адал еңбекті құрметтеу, сөзіне берік, ісіне адал болу, отбасының, өз ортасының абыройын асыру, әдеп нормаларын ұстану, шешім қабылдай білу және жауапкершілікті сезіну, достарына, сыныптастарына, отбасы мүшелеріне қамқор болу, өзін отбасының, сыныптың, мектептің, қоғамның, Отанның бір мүшесі екенін сезіну, мейірімділік таныту арқылы қалыптасады.

Ар-ұят құндылығы арқылы адалдықты жоғары бағалайтын, сөзіне берік, ісіне жауапкершілік танытатын, ата-анасына сүйіспеншілікпен қарайтын, достарын, сыныптастарын сыйлайтын, кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсететін тұлға тәрбиелеуді көздейді.

Талап құндылығы өскелең ұрпақ бойында мәдениеттілік, табандылық, үнемшілдік, қанағат, ерік-жігер, таза ой мен адал ниетке тұғыр болады. Сол себепті талап құндылығы білім алушылардың сыни және креативті ойлау, жеке және командамен жұмыс істей білу, білуге, жаңаны тануға құштар болу, физикалық белсенді болу, салауатты өмір салтын ұстану, технологиялық және цифрлық дағдыларды ілгерілету, дұрыс қарым-қатынас орната білу, уақыт пен қаржыны тиімді жоспарлау дағдыларын дамытуға бағытталады. Талап құндылығы құндылығы арқылы жан мен тән тазалығын сақтайтын, дұрыс тамақтану мәдениетін түсінетін, қоршаған орта тазалығын сақтайтын, ақпараттық, медиа және қаржылық сауаттылығы жоғары, ізденімпаз, жасампаз тұлға тәрбиелеуді көздейді.

Жоспар бойынша төменбегі шаралар өткізілді:

Оқу жылының І жартысындағы сыныптың тәрбие жүйесін жоспарлау мен тиімділік мақсатын талдау: 2023-2024 оқу жылында тәрбие жұмысының жоспарын ұлттық құндылықтар: ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ, АР-ҰЯТ, ТАЛАП бойынша сынып жетекшілерге толық біртұтас тәрбие бағдарламасы түсіндірілді. Бүгінгі өскелең ұрпақ тәрбиесі еліміздің болашақтағы жарқын келбетін айшықтайды.«Біртұтас тәрбие бағдарламасы» – ұлттық, адами құндылықтарға негізделген. Бұл құжатта білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысын толыққанды жүзеге асыру үшін білім алушылардың бойында қалыптастырылуы тиіс құндылықтар мен тәрбиенің мақсаты, міндеттері айқындалады. Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, әлемдік озық білімді игерген саналы азаматты тәрбиелеу мақсаты көзделеді. «Біртұтас тәрбие бағдарламасының» мақсаты:

Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу.

1-қыркүйек Білім күніне арналған салтанатты іс-шара өткізілді сонымен қатар әр сыныпта мейірімділікке,қайырымдылыққа, кішіпейілдікке тәрбиелеу мақсатында «Мектебім - мейірім мекенім» атты тәрбие сағаты өткізілді. Сынып сағаттар барасында оқушылар жақсы - жаманды ажырата білуге, адамдық асыл қасиеттерді игеруге ықпал ету мақсатында өткізілді.

Балаларды ұлттық мүдде құндылығын назарға сала отырып, өз ана тілінің қадір-қасиетін біліп, өз ана тілінің көркемдігін сезініп, сөз құдіретін түсініп, оның адам өміріндегі маңызын ұғынуға үйрету балаларды туған тілін сүюге, оны қорғауға және қамқорлықжасауға тәрбиелеу мақсатында Қазақстан Республикасындағы Тілдер мерекесіне орай «Мәңгілік ел-мәртебелі тіл»атты 10 күндіктін ашылуы өтті. «Өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте!» атты тәрбие сағаты өткізілді. Тіл мәртебесін көтеру үшін біздің гимназиямызда Қазақстан халқы тілдері күніне арналған «Туған тілім-бабам тілі-өз тілім» челленджін өзін-өзі басқару ұйымы қабыл алып, өз өлең шумақтарымен өткізді.
Денешынықтыру мұғалімдердің ұйымдастыруымен Республикалық «Дене сергіту» челленджі өткізілді.Челленджге жалпы гимназия оқушылары мен мұғалімдері белсене қатысты.
«12- қыркүйек Отбасы күні , «Отбасы-бақыт мекені» жеке жоспар бойынша іске асты.

2023-2024 оқу жылы жоспарланған «4 тоқсан-4 өнер» ұлттық мәдени ағартушылық жобасын іске асыру мақсатында гимназия оқушылар арасында 15 қыркүйек күні «Ақындар айтысы» жас импровизаторь ақындардың мектепшілік кезеңі өткізілді.

16 қыркүйек ҚР экология және табиғи ресурстар министрлігі еліміздің барлық аумақтарында «Дүниежүзілік тазалақ күніне» байланысты сенбілік ұйымдастырылды.
25 қыркүйек аға тәлімгер Кабиденова А.Н. жылдық жоспарына сәйкес «Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы аясында 1-6 сынып оқушыларына «ЖЖЕ білесің бе?» атты сынып сағаттары мен сыныптан тыс іс-шаралар жүзеге асты.
Балалар мен жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтын алдын-алу,кәмелетке толмаған арасындағы қылмыстың өсуіне жол бермеу мақсатында «Құқық бұзушылықтын алдын алу- басты міндет» атты тақырыбы бойынша жоғары сынып оқушылары арасында,ата-аналар арасында полиция Ақмола облоысы ПД есірткі қылмысына қарсы іс қимыл басқармасы аға жедел уәкілі полиция подполковнигі Курсанова Разия Талғатовна,ЮВИНАЛ-дық полиция қызметкерлерімен түсіндіру жұмыстарын өткізіді.

28 қыркүйек «Адалдық сағатына» орай «Адал азамат-әділетті Қазақстан!» тақырыбында сынып сағаттары өткізілді.
25 қыркүйек «1 қазан – қарттар күні»мерекесіне орай мектеп парламенті құттықтау хаттарын жазып,үйлеріне барып гимназияға мерекелік іс-шараға шақырды.Мерекелік концерт 29 қыркүйек өтті.
Қыздарды ұлттық салт –дәстүрді қастерлеп ,тәрбиелеп,білімді,өнерлі болып өсуге,қыз бала гигиеналық тазалықты дұрысжәне күнделікті сақтауға үйрету,өз бойларын,ойын дөректіліктен сақтандыру,қыздары инабатты қыз болып өсуге баулу.Ерте жүктіліктің,суйцидтің алдын алу мақсатында 5-9 сынып оқушылары арасында «Қыз тәрбиесі-ұлт тәрбиесі» тақырыбында «Инабат» қыздар клубының жиналысы өтті.

Өзін-өзі басқару ұйымы мүшелері 5 қазан – Ұстаздар мерекесіне қарсаңында «Ұстазыма мың алғыс»челленджін қабыл алып,Ұстаздар мерекесі қарсаңында «Ұстазыма мың алғыс» челленжін қала мектептеріне жолдады.
«Мұғалімдер күні» мерекесін мерекелеу мәртебесін арттыру мақсатында іс-шаралар жоспарындағы «Мұғалімді ұлықтау», «Білім және өмір нұрын кім сыйлады?», «Ұлағатты ұстаз» және «Дублер күнін» дайындау , өткізу тақырыптарында мұғалімдерді құттықтап,мерекелік концерт өткізілді. Гимназияның өзі-өзі басқару ұйымы және «Адал ұрпақ» клубының мүшелері ұстаздардың орнына бір күндік дублерлік қызметін атқарды.
19 қазан Әкелер клубы және ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы жағынан «Даналық» мектебін құру мақсатында ата-аналар жиналысы өткізілді.
22 қазан «Гимназия парламенті-2023» парламент президентін сайлауы өтті. Гимназия президенті Батыр Аделина 10сынып оқушысы сайланды.Осымен қатар фракция мүшелері тағайындалды.
23 қазан ҚР күніне орай жалпы ұлттық «Қыран елім-Қазақстан» патриоттық акциясы аясында барлық оқушылар мен педагогтер мемлекеттік гимнді орындады.Оқушыларымыз «Жас ұлан мен Жас қыранға »қабылдау рәсімдері өтті.
25 қазан ҚР күніне орай мерекелік концерт ұйымдастырылды, 8-9 сыныптар арасында «Жаңа Қазақстан» дебат ұйымдастырылып өтті.
27 қазан ата-аналар жиналысы өткізілді.
3 қараша Ата-аналармен ұялы телефонның пайдасы мен зияны туралы, сонымен қатар телефонның сабақ қажетсіз қолданбауын бір ауыздан келісті.
16 қараша «Алтын күз» байқауы мен «Күз кереметі» фестевалі өтті.
«Тоғыз айға 9 іс – шара» тұжырымдамасы» негізінде денешынықтыру мұғалімдерінің ұйымдастыруымен «АСЫҚ АТУ» атты челленджі өтті.
14 қараша «Діни экстремизм мен терроризмге жол жоқ!»«Еңбегі адал жас өрен» жобасы аясында Ақмола облысы Дін істер басқармасының «Конфессиялық қатынастарды талдау және дамыту орталығы» теолог маманы Жаканов Сакен Багдатович оқушылармен дәріс өткізіп,ашық сұхбат алаңының жасады.

15-25 қараша күндері аралығында өткізілген «Дүниежүзілік балаларды қорғау күні: балаларға арналған өмір» атты республикалық онкүндіктің жоспарына сәйкес «Балалық шақты бірге қорғайық» тақырыбында құқық қорғау органдарымен бірге 5-9 сынып оқушылар арасында түсіндірме жұмыстарын өткізді.Суреттер байқауы ұйымдастырылып өтті 1-4 сыныптар арасында. «Түнгі қаладағы балалар» рейдтері өтті.

17 қараша Мыңбай Ысқақұлының еске алу кеші өтті.
«Әлемді бағындырар спорт жұлдыздары» атты іс –шараға арнайы Қазақстан республикасының еңбек сіңірген спорт шебері Бекболат Нұрланұлы шақырылып,келді.Оқушылармен қызықты сұхбат алаңың ашып өткізді.
30 қараша «Тоғызқұмалақ-day» ұйымдастырылып өтті.

29 қараша Патрульдік полиция батальенынң қызмет инспекторы аға лейтенанті Агибаев Ерболат Арманбекович балаларға ЖЖЕ түсіндірді және мектеп жаңындағы жаяу жүргінші жолағынан қалай өту керектігін тәжірибие жүзінде көрсетті.

4 желтоқсан Республикалық «Зорлық-зомбылыққа қарсы 16 күн»атты іс-шаралар жоспарына сәйкес, «Зорлық-зомбылыққа қарсы 16 күн» тақырыбында мектеп ұстаздарына түсіндіру жұмыстары жүргізілді.
6 желтоқсан «Алтын сақа» «Зиянды әдеттер аулақ бол!» жобасы аясында ұлттық ойыны өтті
Гимназия психологі Амангуль Тауфихқызының ұйымдастыруымен «Зорлық-зомбылыққа қарсы 16 күн» оқушылармен түсіндірме жұмыстарын жүргізді. Жоғарыда жазылған акция аясында өзін-өзі басқару ұйымы флеш-моб өткізді.
11 желтоқсан ҚР Тәуелсіздігінің 32 жыл толуына орай «Тәуелсіздік мәңгі болсын тұғырын» атты қалалық турнир өтті.Оқушыларымыз жүлделі 1орынға ие болды.
13 желтоқсан «Шығарма жазу: болашаққа хат» челленджі«Тоғыз айға тоғыз іс шара» жобасы аясында өтті.
21-27 желтоқсан күндері « » тақырыбында апталық өтті.
26 желтоқсан 2-тоқсан қорытындысы бойынша ата-аналар жиналысы өтті.
27 желтоқсан күні әлеуметтік топтағы балаларға «Қош келдің , Жаңа жыл » атты мерекелік шырша ұйымдастырылып,тәтті сыйлықтар табысталды.
Сонымен қатар оқушыларымыз қазақ драмма театырына қойылымдарға барды.Мерекелік іс-шаралары өткізілді.
28 желтоқсан ҚР «Кәмелетке толмаған арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасымен балалардын қадағалаусыз,панасыз қалуының алдын алу туралы» 2004 жылғы 9 шілдедегі №591 заңының талаптарына сәйкес, Жаңа жыл мерекесі уақытында , қысқы демалыс уақыттарында құқық бұзушылық пен қылмыстын,суицидтің , ерте жүктіліктін, нашақорлық пен есірткінің, зорлық-зомбылықтың, әлімжеттіліктің алдын алуға азық түлік дүкендерге, қала көшелеріне түнгі беймезгіл уақытта заңды өкілдеріңсіз тұрғын үй –жайдан тыс жерде жүрген жасөспірімдердің жүруінің алдын алу мақсатында оқушылар мен ата-аналармен жұмыстар жүргізілді.
8 қаңтар «Парасат иесі Ұлы тұлға Д.А.Қонаев» сынып сағаттары өтті.
15 қаңтар Бек Тоғысбаев шығармалары бойынша көрме ұйымдастырылып,оқушыларды шығармашылығымен таңыстырылды
15-17 Қаңтар-ақпан айында «ПрофиTIME» Мамандықтар әлемінде атты байқау өтті,өқушылар бір күн ата-анасының жұмысында өткізіп толық мамандықтары бойынша ақпарат жинақтап бейнероликтер қорғады.
16 қаңтар «Азаттық аңсаған Алаш арыстары» атты іс-шара ұйымдастырылып,өтті.
«Кітапханадағы қоңырау»,«Жыр құлагері» IQ-game
Ілияс Жансүгіровтың туғанына 130 жыл орай іс-шара өтті.

25 қаңтар айында «Қыз намысы–ұлт намысы» Сырласу кеші жүзеге асты,кешіміздің қонақтары Жібек БАҒЫСОВА Қазақстан Республикасының Халық әртісі,Жанар САТЫБАЙҚЫЗЫ жоғары санатты драма әртісі, ҚР "Мәдениет қайраткері" белгісінің иегері.

26 қаңтар «Қазақ есебі» челленджі» Тоғыз айға тоғыз іс шара» жобасы аясында өтті.

26 қаңтар «Әкеңнің төріне сенбе,еткен еңбегіне сен» атты ашық сұхбат кеші өтті , кешіміздің қонағы Самат ШӘЙМЕРДЕНОВ бірінші санатты драма әртісі.

1 ақпан «Мақал–сөздің азығы жұмбақ – ойдың қазығы» Балалар кітапханасы жобасы аясында интелектуалдық ойын өтті.

2 ақпан «Қыз өмірдің қызғалдағы» атты байқауы өтті.

5 ақпан Абайдың «Толық адам» ілімі атты әдеби кеш ұйымдастырылды.

7 ақпан «Ұлттық өнер» көрмесі «Төрт тоқсан – төрт өнер» жобасы аясында ұйымдастырылып өтті.

12 ақпан «Ауғанның асуында от кешкендер»,«Ер есімі – ел есінде»
«Тарихқа құрмет» жобасыаясында Ауған соғысының ардагерлерімен кездесу кеші өтті .

19 ақпан «Дені саудың – тәні сау» атты бырыңғай сынып сағаттары өтті.

пан «Мың алғыс..» «Алғыс айту- парызым» атты іс-шаралары өтті.

28 ақпан «Оқуға құштар мектеп» челленджі «Тоғыз айға тоғыз іс шара» жобасы аясында өтті.

4 наурыз «Азаматтық қорғаныс күні» атты сынып сағаттары өткізілді.

5 наурыз «Үміт сәулесі» акция Қайырымдылық жобасы аясында акция ұйымдастырылып, мұқтаж отбасыларға көмемек берілді.

5 наурыз «Мастер класс dey» өтті ұйымдастырған аналар клубының төрайымы Костанова Самал Сайрановна және «Инабат» қыздар клубы.

12 наурыз «Домбыра Party» ұйымдастырылып,өтті

11 наурыз «Қазақ болып тумағанда не етер ем» атты іс-шарасы өтті.

17 наурыз «Домбырашылар» челленджі «Тоғыз айға тоғыз іс шара» жобасы аясында өтті

Наурыз айында «Ұлттық киім–ұрпаққа мұра» ұлттық киімді насихаттау аясында айлық челлендж өтті.

20 наурыз «Армысың Әз – Наурыз» атты мерекелік іс-шара өтті, киіз үйдін ашылуы ұйымдастырылды.

1 сәуір «Табиғат тамашалары »«Құстар - біздің досымыз»,«Экологиялық мониторинг» жобасы бойынша кішігірім акциясы өткізілді.

8 сәуір «Үздік оқырман» ,«Ең үздік кітап оқитын сынып» байқауы өтті.

10 сәуір «Тиімді әріп айдалы тамақтану негізі»,«Дұрыс тамақтану-ұзақ білім алу жолы» атты дәріс ұйымдастырылып өтті,өткізген Жетенова Бибигуль Нургалиевна диетолог-дәрігер
12 сәуір «Шахмат ойнау» челленджі өтті.
16 сәуір «Өнерлі отбасы» сайысы өтті ұйымдастырылып,өтті.
18 сәуір «Ұлы Дала мұрагерлері» «18 сәуір — Тарихи және сәулет» ескерткіштерінің халықаралық күніне арналған дөңгелек үстел өтті.
19 сәуір «Менің әкем–жақсы адам» атты қалық байқау ұйымдастырылып өтті.
22 сәуір «Туған өлкем» фестивалі өтті «Төрт тоқсан – төрт өнер»
1-30 сәуір Жарақаттың барлық түрлерінен сақтандыруға арналған «Қауіпсіз өмір» атты акциясы өтті.

2 мамыр «Болашақ кілті–өз қолыңда!» атты тренингі өтті
6 мамыр «Ұландарым айбыным»,«Адамдық борыш ар үшін»,«Отаншылдық және оның мәні» атты іс-шаралары өтті.
6 мамыр 7 мамыр Отан қорғаушылар күніне және 9 мамыр Жеңіс күніне арналған қалалық ән шеруі өтті, «Аманат» клубы 1 орынмен оралды.
13 мамыр «Жасыл мекен» челленджі өтті «9 айға - 9 іс-шара» жобасы аясында
14 мамыр «Отбасы FEST» фестивалі ұйымдастырылып өтті.
20 мамыр Дарындылар шеруі ұйымдастырылып, «Болашақ сарайында» өтті.
24 мамыр бырыңғай сынып сағаттары өтті, оқу жылының қорытындысы,жетістіктері хабарланды.
25 мамыр 11 сыныптар үшін «Сыңғырла соңғы қоңырау » атты салтанатты іс-шара өтті.
Қыркүйек айының алғашқы аптасында оқушыларымызға мектептің ішкі ережелері мен таңыстыру жұмыстары жүргізілді.Жол өмір қауіпсіздігі негізінде сынып сағаттары өтті.Гимназиямызда ата-аналар жиналысы өтіп жаңа құрамы сайланды.Ата-аналар төрайымы болып Жахина Айнур Құрманбайқызы тағайындалды. Жиналыс барысында ата-анамен педагог,ата-анамен бала арасындағы байланыс, мектеп формасы, оқулықтар.оқу барысында іске асыратын жоспарлар,2022-2023 оқу жылының жетістіктері мен кемшіліктері айтылды.Сонымен қатар 2023-2024 оқу жылының оқу-тәрбие жұмысының жоспарлары таңыстырылды. 2023-2024 оқу жылы барынсында әр күн сайын түрлі тақырыптарға «Көңілді үзілістер» өткізіліп отырды.Әр дүйсенбі сайын ұлттық киім кию күні болды, ұлттық киімдерді насихаттау мақсатында.

2023-2024 оқу жылы жетістіктері :

Мектеп оқушылары арасында театр өнерінің,орындаушылық шеберліктің дағдыларын ояту мақсатында ұйымдастырылған «Ұшқын» театр өнері байқауында 1-дәрежелі диплом.

5-11 сынып оқушыларына арналған «Текшеден тыс» спидкубинг жарысының орын иегері Жумабек Нурбахыт 2 орын

Қалалық қысқы президенттік көпсайыс, оқушылар спартакиадасы-Таласпай Диас 11Б сынып, жекелей есепте 3-орын
Қалалық спартакиада, жеңіл атлетика,Абуғали Елхан 11Бсынып,400м жүгіру,
 3- орын
Облыстық «Жастар» спартакиадасы, шаңғы жарысы бойынша ұлдар арасында эстафета, Таласпай Диас 11Б сынып, 3-орын
7-8сынып оқушылары арасындағы қалалық спартакиада,3,оқушы, үстел теннисі, 3-орын
9-11 сынып оқушылары арасындағы қалалық спартакиада, 4 оқушы, шахмат, 3-орын
5-6 сынып оқушылары арасындағы қалалық спартакиада, 4 оқушы, шахмат, 3-орын
9-11 сынып оқушылары арасындағы қалалық спартакиада, 11оқушы, футзал жарысы, 3-орын
Тоғызқұмалақ,4 оқушы, 9-11 сынып оқушылары арасындағы қалалық спартакиада, 8-орын
7-8 сынып оқушылары арасындағы қалалық спартакиада, 4оқушы,шахмат,
7-орын
Жеңіл атлетика,5 оқушы, қалалық оқушылар спартакиадасы,10-орын
5-6 сынып оқушылары арасындағы қалалық спартакиада, үстел теннисі, 3оқушы, командалық 2-орын, жекелей есепте Молдахмет Ә 6Гсынып 2-орын, Таңқыбай А 5А сынып 1-орын
5-6 сынып оқушылары арасындағы облыстық спартакиада, 3оқушы, үстел теннисі,командалық 1-орын
Республика күніне арналған "Қыран елім - Қазақстаным!" пікірсайые турнирінін қалалық кезеңінен жеңімпаз
“Құлагер”клубы-1-ші орын алды.

“Құлагер” клубынан қатысқан оқушылар:Ақылбай Диас және Қуанышбек Гауһар
Үздік спикер-Ақылбай Диас
Көкшетау қаласының білім беру ұйымдарының оқушылар арасында орыс тілінде өткізілген қалалық пікір-сайыс жарысында “Құлагер” клубы жүлделі 3 орын алды
Құлагер клубының атынан қатысқан мүшелері:Салимова Мерей мен Оралбай Мерей
Оқушылардың облыстық , республикалық жетістіктері Әлем әнмен ажарлы облыстық байқауының 3 орын Таймыс Самира
Облыстық Екі жұлдыз фестиваліне қатысқан Имакова Ясмина

Облыстық Екі жұлдыз фестиваліне қатысқан Азаматұлы Әмірәлі
Мәңгілік жас қыран елім-Қазақстан Облыстық байқауының 3 орын иесі Серікбай Айлана
Қасиетті домбыра Облыстық байқауының 1 орын иесі Азаматұлы Әмірәлі
Фариза Фаризажан Фризақыз республикалық байқауы 1 орын Азаматұлы Әмірәли
Art fest 2024 республикалық байқауы 2 орын Серікбай Айлана
Тәтті дауыс қалалық байқауда 3 орын Амринова Айғаным Тәтті дауыс қалалық байқауда қатысқан Кабдрашева Назлы
Балғын балалар біздің болашағымыз фестиваліне қатысқан Имакова Ясмина
Әншуақ фестиваліне қатысқан Хасен Аяулым
Әншуақ фестиваліне қатысқан Таймыс Самира
Жас талант қалалық байқауда 3 орын Амринова Айғаным
Жас талант қалалық байқауда 3 орын Нұрлан Іңкәр
Жас талант қалалық байқауда Гран при Азаматұлы Әмірәлі
Қара жорға қалалық байқауда Гран при Азаматұлы Әмірәлі
Тәтті дауыс қалалық байқауда 3 орын Хасен Аяулым
«Намыс» Спортакиядасы бағдарламасындағы Ақмола облысының жалпы білім беу ұйымдарының оқушы арасында әскери-патриоттық нормативтерді орындау 3-орын Берденов Әділ
«Жол қозғалысы ережелерінің үздік білгіші» қалалық байқау 1 орын

Әлеуметтік педагогтың 2023-2024 оқу жылында жүргізілген жылдық есебі

Мақсаты: Оқушыларға әлеуметтік көмек ұйымдастыру, тек көмек күтуші емес проблеманы шешу үшін өздігінен жол табуына көмектесу, рухани жан дүниесін танып білу, қатарға қосу жұмыстарын ұйымдастыру.

Міндеттері:

1. Оқушыларды әлеуметтік- педагогикалық қамтамасыз ету және қолдау жасау.
2. Барлық тәрбиеленушілердің тұтынушылықтарына сәйкес мүмкіндігінше пайдалы қызметке кірістіру.
3. Мектеп-гимназиясындағы педагогикалық ұжым оқушылардың құндылықсыз комплекстерін жеңуге және жағдайы мен мәртебесін көтеру жұмыстарын күшейту.
4. Балалардың құқықтарын қорғау үшін әртүрлі әлеуметтік қызмет өкілдерімен жұмыс жүргізу.

2023-2024 оқу жылы әлеуметтік педагогтың жылдық жұмыс жоспары бекітілді. Сынып жетекшілермен отырыс өткізілді. Отырыста мектептің әлеуметтік паспорты жасалынды. Сынып жетекшілер тарапынан толық емес отбасындағы балалар тізімі (әкесі немесе анасы жоқ балалардың) берілді. Атаулы әлеуметтік көмек алатын отбасынан шыққан оқушылардың тізім, аз қамтамасыз етілген отбасы балаларының

тізімі, көп балалы отбасынан шыққан оқушылардың тізімі, ата-ана қамқорлығынсыз қалған балалардың тізімін алдым.

1-4 бастауыш сынып оқушыларына ыстық тегін тамақпен қамтамасыз етілді. Тамақтану кестесі бекітілді. Білім беру обьектілеріне қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар, Санитарлық қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау Министрінің 2017 жылғы 16 тамыздағы №611 бұйрығының негізінде 1-қосымшаға сәйкес тамақтанудың сапасына бақылау жасау, тамақтанудың сапасына мониторинг жүргізу және оқушылардың тамақтануын тиімді ұйымдастыру бойынша шараларды қабылдау үшін мектепішілік бракеражды топтың ұжымдық құрамы бекітілді. Күнделікті ас мәзірі ілінді. Бір күндік ас мәзірі инстаграм желісіне салынып отырды.

Әр түрлі есепте тұрған оқушылармен жеке-профилактикалық жұмыс.

Мектепішілік есепте тұрған оқушылар жоқ. Жасөспірімдер ісі жөніндегі инспектормен үнемі байланысты болдық. Инспектор ата-аналар жиналыстарында, саптүзеулерде бала құқығы туралы дәрістер оқыды. Наурыздың 15 күні гимназиямызда оқушылардың қауіпсіздік деңгейін арттыру мақсатында Ақмола облысы Төтенше жағдайлар департаментінің қатысуымен оқушылармен Көктемгі кездегі су айдындарындағы қауіпсіздік, жер сілкінісі кезіндегі қауіпсіздік ережелері тақырыбында ZOOM платформасымен онлайн кездесу өткізілді.

22 сәуір күні гимназиямызда Ақмола облысының ювиналды полиция қызметкерлері 7 сыныптар арасында нашақорлықтың алдын алу мен құқық бұзушылықты болдырмау бойынша дәріс өткізілді.

Ата-ана қамқорлығынсыз қалған балалар бізде Жепеева Гүлжиян 9 В сынып оқушысы, Акимова Айнура 9 В сынып оқушысы және Жепеев Темирлан 11 А сынып оқушысы. Осы оқушылардың арасында Акимова Айнура домбыра үйірмесіне барады. Мектепішілік іс-шараларға жиі қатысады. Жепеев Темирлан волейболл үйірмесіне қатысады.

2023 жыл 28 қараша күні гимназияда 9 сынып ата – аналарының жиналысы болып өтті. Басты тақырып: Бала тәрбиесіндегі ата-ана рөлі. Балалар арасындағы зорлық – зомбылықтың алдын алу отбасы мен мектеп арасындағы қарым-қатынасты нығайту атты тренингті педагог-психолог Тауфих А. мен бірге өткіздік.

2023-2024 оқу жылы тегін тамақтануға аз қамтылған, ата-ана қамқорлығынсыз қалған оқушылар қыркүйек, қазан, қараша, желтоқсан қаңтар, ақпан, наурыз, сәуір, мамыр айларында 92 оқушы құрады. 01.09.2022ж. бастап аз қамтылған отбасылары бар оқушыларға тегін ыстық тамақ асханадан берілді. I, II ауысым бойынша аз қамтылған отбасылары бар оқушылардың тегін тамақтануы бақыланып, ай сайын табельдері бухгалтерияға тапсырылды.

20.09.2024 ж. Бастауыш сынып оқушыларымен әртүрлі сергіту сәттерін өткіздім.

Сергіту сәттері балалардың салауатты өмір салтын насихаттауға арналады.

Міндеттері: физикалық, психологиялық стрессті төмендетуге ықпал ету; оқу іс-әрекетті процесінде шаршаудың алдын алуға, физикалық белсенділікті арттыруға ықпал ету; балалардың денсаулығын сақтау мақсатында жұмыс қабілеттілігін арттыруға ықпал ету.

Жасөспірімдердің арасында заң бұзушылықтың алдын-алу мақсатында мектеп әкімшілігі құқық қорғау органдарымен тығыз байланыста жұмыс атқарды. Директордың тәрбие жұмыстары жөніндегі орынбасарлары Тержанова О.Ж., Кенжина А.Б. оқушыларға құқықтық тәрбие беруде көп көмек көрсетіп, түрлі іс-шаралар ұйымдастырып өткізуге әрқашан көмек көрсетіп отырды. Жыл басынан кәмелетке толмаған жасөспірімдер арасында қылмыс пен құқық бұзушылықтың және олардың, қадағалаусыз қалуының алдын-алу мақсатында педагог-психологы Тауфих А., әлеуметтік педагог Шахан А., медбике Шайлятова А., және мектеп инспекторымен біріге отырып, «Оқушының міндеттері», «Мен және менің отбасым», «Менің құқығым», «1-11 сыныптарда оқитын оқушылардың ата-аналарына психологиялық көмек», денсаулығын нығайту бойынша арнайы мамандардың қатысуымен жиналыс, семинарлар өтіп, 1-11 сынып жетекшілері арқылы оқушылардың, ата-аналардың чаттарына жадынамалар, видеороликтер, слайдтар таратылды.

Ата-ана қамқорлығынсыз қалған 9 «В» сынып оқушысы Акимова Айнұрмен, 9 «В» сынып оқушысы Жепеева Гульжиян, 11 «А» сынып оқушысы Жепеев Темирланмен жыл бойы жеке әңгімелер жүргізіліп, есептері уақытында Көкшетау қаласының білім бөлімінің «Қамқоршылық және қорғаншылық» органына тапсырылды.

25.01.2024 ж. . сынып жетекшісі Касымов Б.С. бірге ата-анасының қамқорлығынсыз қалған 9 «В» сынып оқушысы Жепеева Гүлжиянмен 11 «А» сынып оқушысы Жепеев Темирланның тұрғылықты-тұрмыстық жағдайын тексеріп, зерттедік.

26.02.2024 ж. сынып жетекшісі Касымов Б.С. бірге ата-анасының қамқорлығынсыз қалған 9 «В» сынып оқушысы Акимова Айнұрдың тұрғылықты-тұрмыстық жағдайын тексеріп, зерттедік.

Мектепішілік жаңа жылдық шырша мерекесінде аз қамтылған, көпбалалы 90 оқушыға гос закуп порталынан кулектар таратылды.

2023-2024 оқу жылы сынып жетекшілермен бірлесе аз қамтылған оқушылардың мекен-жайларын аралалдық.

Тегін тамақтанатын оқушылар тізімі ай сайын асханаға беріліп, ыстық тегін тамақтанулары қадағаланды.

1.02.2024 ж. 6 сынып оқушыларының қатысуымен «Интернет –менің өмірімде тақырыбында танымдық әңгіме, ойындар өткізілді.»
«Тиімді кәсіби қарым –қатынас, тәжірибе алмасу және мектептегі өзін-өзі басқаруды ұйымдастырушылардың құралдарын байыту үшін жағдай жасау » атты қалалық семинар-кеңеске қатыстым.
Әлеуметтік педагогтарға, денсаулық сақтау ұйымдарының әлеуметтік қызметкерлеріне, отбасын қолдау орталықтарының әлеуметтік қызметкерлеріне арналған «Ата-анасының қамқорлығынсыз қалу қаупі бар отбасылармен жұмыс жасаудағы жағдайды басқару» тақырыбында 12 сағат көлемінде оқыту курсын аяқтадым.
22.01.2024 ж. 4 сынып оқушыларының педконсилиумына қатыстым.
22.05.2024 ж. 4 сынып оқушыларының сабақтастығына қатыстым.

2023жылдың мамыр айында келесі оқу жылына оқу құралдарын, киім-кешек алуға оқушы ата-анасынан қаржылай көмек алуға өтініштер қабылданды.

9.06-18.06 аралығында аз қамтылған, көпбалалы отбасыдан шыққан 10 оқушы Чайка лагеріне тегін бару жоспарлануда.

Аз қамтылған, көп балалы отбасыдан шыққан оқушыларға Әулиет мектептен тыс жұмыс орталығы 8 тегін жолдама берді.

2024-2025 оқу жылында жұмыстың нәтижелі болуы мақсатында төмендегідей ұсыныстар жасаймын:

1. 1-11 сыныптар бойынша толықтай әлеуметтік жағдайлары зерттеліп, тұрмысы төмен отбасыларына көмек алуға қажетті құжаттар тізімі уақытында тапсырылып, ата-аналардың өтініштері бойынша жаппай біліммен қамту қорынан көмек көрсетіліп, бақылауға алынсын.

2. Сынып жетекшілер ата-аналармен тығыз байланыста болып, сыныптарының әлеуметтік паспортын уақытылы толтырып, тапсырсын.

Оқушыларға кәсіби бағдар беру жұмысының есебі

Мамандық түрлері, олардың атқаратын қызметі, қоғамға келтіретін пайдасы туралы білімдерін толықтыру, жетілдіру. Өз ата-анасының мамандығы туралы айта алу. Барлық мамандықтың қажет екендігін ұғындыру. мамандықтармен таныстыруды жалғастыру. Мамандық иелерінің қызметі туралы білімдерін дамыту. Мамандықтың бәрі жақсы деген түсініктерін кеңейту. Еңбексүйгіштікке баулу. Мамандық иелерінің жұмысын құрметтеуге тәрбиелеу. Мамандықтың адамгершілігі мен жауапкершілігіне назар аудару. Кәсіптік бағдар беру жұмысы жас ұрпақтың саналы түрде болашақ мамандығын қателеспей таңдауға мүмкіндік жасайды. Сол себепті жоспар бойынша жыл бойы өткізілген іс-шаралар мен кездесулерге тоқталсақ:

2023 жылы 6-қыркүйек күні Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметкерлері мен Мәлік Ғабдуллин атындағы № 3 көпсалалы гимназиясында 11- сынып оқушыларының қатысуымен түсіндірме әңгіме жүргізілді. Оқушыларға шекара қызметкерлері, өздерінің оқу орындары жайлы тың ақпараттармен бөлісті. Оқуға түсу үшін қажет құжаттар тізімін де атап өтті. Талапкерлерге осы оқу орнына үміт білдірген оқушыларға арнайы шақыртулар беріп, оқу орнына түсуге көмек көрсететінін айтты.

2023 жылы 7- қыркүйек күні Назарбаев Университетінің өкілдерінің қатысуымен кәсіптік бағдар беру тақырыбы бойынша Мәлік Ғабдуллин атындағы №3 көпсалалы гимназиясының 10-11 сыныптарымен кездесу өтті. Назарбаев университеті заманауи және сапалы білім беретін университеттердің бірі екендігі жайлы толық түсіндірме жұмыстарын жүргізді. Кездесу барысында оқушыларға оқу орны жайлы бейнежазба көрсетілді және оқушыларға арнап KAHOOT бағдарламасы арқылы оқушыларға сауалнама өткізді. Талапкерлердің қызығушылығын ояту мақсатында оқушыларға университет эмблемасымен түрлі сыйлықтар таратылды. Кездесу оқушылар үшін керемет деңгейде өтті.

2023 жылы 6-қыркүйек күні МТЖО «Әулет» орталығында Мәлік Ғабдуллин атындағы №3 көпсалалы гимназиясының оқушыларымен кәсіптік бағдар беру тақырыбында кездесу өтті. Оқушылар осы мекемеде өте қызықты уақыт өткізді. Оқушылар өздерін түрлі маман иесі ретінде рөл сомдады, алғашқы көмек қалай көрсетілетіні жайлы толық ақпараттар алды. Мекемедегі түрлі үйірмелер мен қосымшаларды аралады, өздеріне керекті тың ақпараттарлы алды.

2023 жылдың 19- қыркүйегінде Мәлік Ғабдуллин атындағы №3 гимназиясының оқушылары "Зерделі Ұрпақ" жасөспірімдер арасында теріс тәуелділіктің алдын алу мақсатында әлеуметтік театр құру,актерлік құрамды қалыптастыруға байланысты іс-шараға қатысты. Оқушылар осы іс-шарада өзін актер және актриса ретінде сынады. Берілген әрбір тапсырманы аса талпыныспен және қызыушылықпен орындады.

2023 жылдың 18- қыркүйегінде 8 «Г» сынып оқушыларымен «Өмір жолын қалыптастыру, кәсіби мақсаттар» әңгімесі жүргізілді. Өткізілген сабақ барысында оқушылардан сауалнама алынды, мамандық таңдауға байланысты әртүрлі тапсырмалар орындалды және оқушыларды қызықтыратын мамандықтар жайлы тың ақпараттар берілді.

“Архив және болашақ ұрпақ” жобасы аясында Ақмола облысының мемлекеттік архивінің ұйымдастыруымен 2023 жылғы 21 қыркүйекте ұйымдастырылған ашық есік күніне қатысты. Іс-шара мақсаты архив құжаттарын

насихаттау, өскелең ұрпақты ата-бабалардың тарихын, салт-дәстүрін зерттеуге, ғылыми-зерттеу жұмыстарына тарту болып табылады.

2023 жылдың 26- қыркүйегінде Мәлік Ғабдуллин атындағы №3 гимназиясының оқушылары Көкшетау қаласындағы Мәлік Ғабдуллин атындағы музейге экскурсия жасады. Экскурсия барысында гимназия оқушыларға музейді аса зор қызығушылықпен аралаап, өздеріне керекті тың мәліметтерді алды. Сонымен қатар өздеріне қажетті ақпараттарды алу үшін түрлі сұрақтар қойып, сол сұрақтарға толыққанды жауап алды. Осы аталған іс- шаралар өте жоғарғы деңгейде өтті.

2023 жылы 3 - қазан күні 8 «Г» сынып оқушыларымен «Менің болашақ мамандығым» тақырыбында пікірталас жарысы өтті. Оқушылар топқа бөлініп, берілген тапсырмаларды топ болып бірге орындады. Тапсырма тізбегінде оқушылар мамандық бойынша жұмбақтар шешті, өздері таңдаған мамандық бойынша пікірталас жасады.

2023 жылы 4 қазан күні гимназиямыздың 8 "В" сынып оқушылары "Азаматтық қорғаныс жоғары көпсалалы" колледжінде кәсіптік бағдар бойынша "Ашық есік күні" іс - шарасына қатысты. Аталған іс- шара бойынша оқушылар сұранысқа ие мамандықтармен, колледждің материалдық- техникалық жабдықталуымен танысты. Азаматтық қорғаныс жоғары көпсалалы колледжінде білім алу мүмкіндігіне қатысты ақпарат алды.

2023 жылы 6 қазан күні 10- сынып оқушыларымен мамандық тақырыбында әсерлі отырыс болды. Оқушылар ең алдымен Қазақстандағы маңызды ТОП 5 университеттер жайлы ақпараттар алды. Содан кейін олар КАНООТ программасы арқылы бейнеролик бойынша тапсырмаларды орындады және сауалнама толтырды.

20- қазан күні 2023- жылы «Кәсіби-тұлғалық типті бағалау және тұлғаның әлеуметтік бағытын бағалау» тесті өткізілді. Оқушылар кәсіби - тұлғалық типті бағалау сұрақтарына жауап берді. Сұрақтар барысы мынадай: болашақта кім болғың келеді, қандай үйірмелерге қатысасың, бұрын соңды экскурсияларды болып көрдің бе және тағы басқалар. Кәсіби бағдар беру жоспары бойынша 19- қазан күні гимназиямыздың оқушылары Көкшетау жоғарғы колледжі экскурсиялық кездесу жасады. Экскурсия барысында гимназия оқушылары Көкшетау жоғарғы колледжінің мамандықтарымен және колледждегі білікті мамандар мамандықтың түрлерімен таныстырды. Оқушылар өздеріне керек мағлұматтар мен қызықты сұрақтарға жауап алды.

Қазан айының 20 күні қазіргі кезде Мажарстан (Венгрия) Республикасының астанасында, Будапешт қаласында ELTE университетінде білім алып жатқан Асылхан Кошанов гимназия оқушыларымен ZOOM платформасында онлайн кездесуі өткізді. Кездесу барысында Асылхан Кошанов «AKT_ACADEMY» онлайн

мектебі жайлы түсіндірме жұмысын жүргізді, онымен қатар ағылшын тілінің маңыздылығын оқушыларға ұғындырды. Онлайн жүздесу оқушылар үшін пайдалы болды.

2023 жылдың 19.10 күні гимназия оқушылары Көкшетау қаласындағы Жоғары техникалық колледжіне экскурсияға барды. Экскурсия барысында оқушылар колледж өмірімен, мамандық түрлері жайлы тың ақпараттар игерді. Жоғары техникалық колледж- бәсекеге қабілетті мамандарды дайындайтын заманауи оқу орны.Колледждің әр студенті өз әлеуетін іске асыруға және техникалық мамандықтар саласында кәсіби маман болуға мүмкіндік алады.Қызықты да, тың ақпаратқа толы экскурсия үшін алғысымызды білдіреміз.

2023 жылдың 30- қазан күні Көкшетау қаласының Назарбаев зияткерлік мектебінде Ашық есік күні өтті. Жалпы білім беретін мектептердің 6-сынып оқушылары Көкшетау NIS өмірімен танысты. Мектеп қонақтары топтарға бөлініп, жоспарланған станцияларға барды. Олардың қатарында "өнер және дене шынықтыру", "ROBOSTAR", "жақын ғажайыптар", "Физика және Математика", "Полиглот", "тарих", "Шекарасыз Шығармашылық" станциялары бар. Мұғалімдер оқушыларды түрлі спорттық іс-шаралармен, роботтарды басқарумен және қызықты зертханалық жұмыстармен таныстырды. Іс-шара соңында оқушылар виртуалды мектеп және конкурстық іріктеу бойынша тың ақпараттарды меңгерді.

2023 жылдың 9- қарашасында кәсіби бағдар беру жұмысы аясында гимназиямызда өткен “Шаш өру - қазақ қызына тән” тақырыбы бойынша Көкшетау жоғарғы колледжінен келген білікті мамандарымыз оқушыларымыз үшін қызықты шебер сабақ өткізді. Шебер сабақ барысында оқушыларға шаш үлгісін жасаудың түрлі техникалары көрсетілді. Сонымен қатар мамандар бет күтімі жайлы және бет әрлеудің қыр сырына үйретті.

2023 жылы 9 қараша күні MNU университетінен мамандар келіп гимназия оқушыларына кәсіптік кездесу ұйымдастырды. Оқушыларға мамандық түрлерін таныстырып викториналық жарыс өткізді. Жеңіске жеткен оқушыларға университет атынан түрлі сыйлықтар берілді.

Кәсіби бағдар беру жоспары бойынша 14- қараша күні гимназиямыздың 10-сынып ер балаларымен Көкшетау жоғарғы колледжі экскурсиялық кездесу жасады. Экскурсия барысында гимназия оқушылары Көкшетау жоғарғы колледжінің мамандықтарымен және колледждегі білікті мамандар мамандықтың түрлерімен таныстырды. Оқушылар өздеріне керек мағлұматтар мен қызықты сұрақтарға жауап алды.

22 қараша күні гимназиямызға SDU университетінен кәсіптік бағдар беру жұмысы бойынша кездесу өткізілді.

SDU – оқу үдерісін халықаралық үлгідегі бағдарламаға сай жүргізетін оқу орны болып табылады. Университеттің негізгі мақсаты – қолжетімді бағалармен

бакалавриат, магистратура, докторантура және біліктілікті жетілдіру бағдарламалары саласында сапалы білім беруді қамтамасыз ету. Университет бағдарламалары жеке тұлғалардың, қоғамдық топтар мен мекемелердің қажеттіліктерін қанағаттандыруға жауапты, сондай-ақ мемлекеттегі және әлемдегі әлеуметтік, саяси, экономикалық ортаға бейімделген.

2023 жылы 27-қараша күні гимназиямызға Көкшетау қаласы, Қорғаныс колледжі кәсіби бағдар беру жұмысы бойынша кездесу өткізді. Кездесу барысында оқушыларға әртүрлі оқу-жаттығулары көрсетілді. Мамандық түрлері таныстырылды, әртүрлі викториналық сұрақтар қойылып, оқушылар өздеріне керекті сұрақтарға жауап алды.

Ақмола облысы білім басқармасының Көкшетау қаласы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі «Ақмола облысы денсаулық сақтау басқармасының жанындағы «Ақмола облыстық АИТВ-инфекциясының алдын алу орталығы»

2023 жылдың 30 қарашасында сағат 16.00-де «Көкшетау» мәдениет сарайында Ақмола облыстық АИТВ-инфекцияның алдын алу орталығы кең ауқымды жастар акциясын өткізді.

Акция барысында орталық оқушылар үшін кең ауқымды ақпараттар берді, түсіндірме жұмыстарын жүргізді,түрлі сергіту жаттығулары болып, ән шырқалды.

19.12 күні гимназиямызға Шоқан Уалиханов атындағы Көкшетау университетінен кәсіптік бағдар беру жұмысы бойынша 10-11 сыныптар үшін үгіт-насихат жұмысы жүргізілді. Оқушылар өздеріне керек сұрақтарына жауап алды.Кездесу оқушылар үшін тың ақпараттарға толы болды.

22.01.2024 гимназиямызда Aqmola IT Hub- пен 10- 11 сыныптар арасында кездесу өтті. Astana Hub – IT бойынша стартаптардың халықаралық технопаркі. Мұнда қазақстандық және шетелдік IT-компаниялар мен технологияларды дамытуға жағдай жасалған. Astana Hub технопаркінің басты мақсаты – дүниежүзіндегі білікті IT-мамандардың басын қосып, инновациялық жобалардың орталығына айналу. Бағдарламаның басты мақсаты – IT саласын қарапайым тұрғындар арасында экозиянсыз дамыту. IT мен бизнес саласынан хабары жоқ, бірақ қызығушылығы бар адамдар орталықтағы білім беру бағдарламасының көмегімен ақпараттық технологиялар бойынша базалық білім ала алады.

Сонымен қатар, қаңтар айында “ Игі істер бастауы-студенттермен кездесу кеші”.

Мақсаты: гимназия оқушыларына мамандық таңдауға бейімдеу, оларға дұрыс бағыт-бағдар беру. Түлектеріміз студенттік өмірдің қиындығы мен қызығын оқушыларға таныстырды, мамандыққа байланысты ойын ойнатылып оқушылар өздеріне қызықты сұрақтарына жауап алды.

11 - қаңтар күні гимназиямызда «Армандар орындалады» атты кәсіби бағдар беру жұмысы бойынша викториналық сұрақтар қойылды. Оқушылар онлайн тақта арқылы кез келген ұяшықты таңдап сұрақтарға жауап берді.

Кәсіптік бағдар жұмысы бойынша гимназиямызда “ Менің қолымнан бәрі келеді” атты аспазшылар шебер сабағы өткізілді. Оқушылар шебер сабақта “трайфл” десертінің жасалу жолын көрсетті және 5-7 сыныптар арасында лаваштан салат жасап қыздарымыз шебер сабақ көрсетті.

5 «А» сынып оқушылармен келешекте дамитын мамандықтар жайлы заманауи КАНООТ бағдарламасы арқылы викториналық сұрақтар өткізілді. Оқушылармен викториналық сұрақ қана емес сонымен қатар олардың жылдамдықтарымен шеберліктерін анықтау мақсатында мамандық атауларын іздеу тапсырмасы да болды. Оқушылар өздерінің ізденімпаз екендіктерін көрсетті.

Біздің мектебіміздің түлегі, Ғұмарбек Даукеев атындағы Алматы энергетика және байланыс университетінің ректоры Сыздықов Мұрат Қанатұлының қатысумен гимназиямызда 7-11 сыныптар арасында профориентациялық кездесу өткізілді. Оқушыларымыз мамандық бойынша өздерін ойналдырған біраз сұрақтарға жауап алды. Бүгінгі күнде Алматы энергетика және байланыс университеті - энергетика, ақпараттық технологиялар, автоматика, радиоэлектроника және телекоммуникация саласында тек Қазақстанда ғана емес барлық Орта Азия елдерінде мамандар даярлау бойынша жетекші техникалық жоғары оқу орындарының бірі. АЭжБУ сапа менеджмент жүйесі жоғары кәсіптік білім кадрларын даярлау бойынша білім беруге қатысты ИСО 9001:2008 стандартына сәйкес деп танылды.

06.02.2024 күні "Зейнеп" жоғарғы көпсалалы колледжі гимназия оқушыларымен үгіт-насихат өткізді. Колледждің миссиясы- жетілген жеке азаматтық көзқарастары мен заманауи кәсіби дағдылары бар сұранысқа ие мамандарды даярлау арқылы өңірдің қоғамы мен бизнесін дамыту. Жас, бірақ қарқынды дамып келе жатқан колледж 2022 жылы AlmaU үздік кәсіпкерлік ЖОО мен беделді МАБ колледжінің бірлескен жұмысымен ашылды. Колледж оқушылары заманауи білім алуға және AlmaU грантына түсу мүмкіндігіне ие. Колледждегі оқу үдерісінен басқа студенттік өмір қарқын дамуда, студенттерге арналған әртүрлі үйірмелер оларға әртүрлі жарыстар мен іс-шараларға қатысуға көмектеседі.

12-27.02.2024 күндер аралығында кәсіби бағдар беру жұмыс жоспарына сәйкес «Менің ата-анамның жұмыс орыны» атты акциясы өтті. Жұмыс барысында 5-9 сынып оқушыларының ата-аналарының жұмыс орындарына саяхат жасалды.

Ағымдағы жылдың 29 ақпан мен 4 наурыз күндері 10- сынып оқушыларға «Dostyq білім беру орталығымен» бірлесе отырып, ҰБТ-ға дайындық өткізілді.

Окушылар өз білімдерін көрсете алды. Платформа арқылы қате кеткен сұрактармен жұмыстар жургізілді.
5 - наурыз күні кәсіби бағдар беру жұмысының жоспарына сәйкес 9сыныптар арасында "Өзінің мамандық әлемінен тап" атты интеллектуалды ойын еткізілді. Атқарылған жұмыстың мақсаты: оқушының өмірдегі өз орыны табуға көмектесі, мамандық таңдаға дұрыс шешім жасауңа бағыттау, мамандықтың алуан турлі екендігін ұғындыру, ой-өрісін кенейту, ұйымшылдыққа, ептілікке тәрбиелеу.
12- наурыз күні 9- сынып оқушыларына Шоқан Уәлиханов атындағы КУ көпсалалы колледжі агитациялық кездесу өткізді. Кездесу барысында оқушылар үшін тың ақпараттар беріліп, мамандықтар тізімі таратылды. Оқуға калай тусуге болатыны жайлы тусіндіру жумыстары жүргізілді.
15.04.2024 күні «Қызыл Крест және Қызыл Жарты Ай» халықаралық қозғалысының еріктілері 10 сыныптар арасында алғашқы көмек көрсету дағдыларын көрсетті. Алғашқы көмек көрсету бойынша білім мен дағдылардың болуы өте маңзды, себебі оқиғадан кейінгі алғашқы минуттарда зардап шегуші адамның денсаулығы мен өмірінің тағдыры шешіледі.
15-16.04.2024 күні Ақмола облысы ПД Есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл басқармасы аға жедел уәкілі полиция подполковнигі Курсанова Р.Т және де ювиналды полиция қызметкерлері 9-10 сыныптар арасында нашақорлықтың алдын алу және құқық бұзушықты болдырмау бойынша дәріс өткізді.
17-18.04.2024 жылы гимназия оқушылары Көкшетау қаласындаы Жоғары техникалық колледжіне экскурсияға барды. Экскурсия барысында оқушылар колледж өмірімен, мамандық түрлері жайлы тың ақпараттар игерді. Жоғары техникалық колледж-бәсекеге қабілетті мамандарды дайындайтын заманауи оқу орны. Колледждің әр студенті өз әлеуетін іске асыруға жәнғ техникалық маманжар саласында кәсіби маман болуға мүмкіндік алады. Оқушылар Работы және лазерді дәнекерлеу, тігін технологиясы,жиһаз орталығы,дәнекерлеу технологиясымен танысты.
19.04.2024 күні «Зерделі ұрпақ» ұйым жасөспірімдер арасындағы нашақорлықтың,қорлау, кибербуллингтің алдын алу мақсатында 8 сыныптар арасында дәріс жүргізіп,оқушыларға қойылым көрсетілді.
19.02.2024 күні Абай Мырзахметов атындағы Көкшетау университетінің өкілдерінің қатысуымен 11 сыныптар арасында кәсіптік бағдар ьеру тақырыбы бойынша кездесу өтті.Кездесу барысындар мектеп түлектері өздерін қызықтырған сұрақтарына жауап ала алды.
22.04.2024 күні Ақмола облысы ювиналды полиция қызметкерлері 7 сыныптар арасында нашақорлықтың алдын алу мен құқық бұзушылықты болдырмау бойынша дәріс өткізді.

24.04.2024 күні 9 сынып оқушыларымен «Өмір жолын қалыптастыру, кәсіби мақсаттар» әңгімесі жүргізілді.Өткізілген әңгіме барысында оқушылар өздерінің таңдаған мамандықтары жөнінде ойын ортаға салып,әртиүрлі тапсырмалардщы орындады. Сонщдай-ақ оқушыларды қызықтыратын мамандықтар жайлы тың ақпараттар берілді.
26.04.2024 күні «Zeyn QOI» шет мемлекетке оқуға түсуге дайындайтын мектептің өкілдері 9 сыныптар арасында әңгімелесу өткізді.
26.04.2024 күні 7 сынып оқушыларымен «Өмір жолын қалыптастыру, кәсіби мақсаттар» әңгімесі жүргізілді. Өткізілген әңгіме барысында оқушылар мамандықтар әлеміне байланысты тапсырмаларп орындап, жұмбақтардың жауабын тапты.
29.04.2024 күні 11 сынып оқушфылары Абай Мырзахмет атындағы Көкшетау университетіне экскрсияға барды.Экскурсия барысында оқушылар өздерін қызықтырған сұрақтарына жауап алды.
16.05.2024 күні 2023-2024 оқу жылындағы мектеп бтірушілерді болашақ мамандық таңдауға бейімдеу және кәсіби бағыт-бағдар беру мақсатында «Бүгінгі оқушы- ертеңгі студент» тақырыбында 2022-2023 оқу жылында мектепті бітіріп,қазіргі таңда Жоғары техникалық колледжінде иоқып жүрген 1 курс студенттерімен кездесу өті. Кездесуге келген студенттер өзі білім алып жүрген білім ордасы жайлы оқушыларға мәлімет беріп,ондағы мамандықтар туралы қызықты қажетті ақпараттар мен пайдалы кеңестер береді.
24.05.2024 күні Көшетау қаласындағы Ш.Уәлиханов атынданғы университ өкілдерімен 11 сыныптар арасында касіптік бағдар беру жұмысы бойынша кездесу өтті. Университет бағдарламалары жеке тұлгалардың, қоғамдық, топтар мен мекемелердің қажеттіліктерін қанағаттандыруға жауапты, сондай-ақ, мемлекеттегі және әлемдегі әлеуметтік, саяси, экономикалық ортаға бейімделген.

Психологиялық қызметтің жарты жылдық және жылдық қызметінің сараптамалық талдау есептері /2023-2024 оқу жылы/

Оқу жылының І, ІІ жарты жылдығында келесідегі іс-шаралар жоспарға сәйкес орындалды:

1) Бейімделу кезеңіне байланысты психологиялық сүйемелдеу (1,5,10 сынып);

2) Гимназия оқушыларының жеке қауіпсіздігін, деструктивті және аутодеструктивті мінез-құлықты алдын алу (Мазасыздық, күйзеліске тұрақтылық деңгейін және психикалық денсаулықты анықтау диагностикасы, алдын алу, дамыту-түзеу, кеңес беру. 5-7, 8, 9-11 сынып);

3) Гимназия оқу-тәрбие жұмысының жоспары бойынша педагогикалық отырыста, мектепішілік және сыныптық ата-аналар жиналысында (қажетті жағдайда) оқушылармен жүргізілген психологиялық зерттеу жұмыстарының қорытындысын таныстыру, білім сапасын арттыру, оқушылардың жеке

қауіпсіздігін және психологиялық саулығын алдын алу, ұйымдастыру-әдістемелік жұмыс, дамыту-түзеу, кеңес беру;

4) Қорытынды аттестаттау және ҰБТ-ға психологиялық тұрғыдан дайындық (семинар, тренинг, психологиялық сағат, дәріс, жадынама, кеңестер беру 11 сынып);

5) Жоспардан тыс сұраныстар бойынша әлеуметтік, психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу қызметтерін көрсету.

1. Бейімделу кезеңінде атқарылған психологиялық сүйемелдеу жұмыстары:

Қыркүйек айында 1,5,10, сынып оқушылары туралы ақпарат, мәлімет алу, бейімделуін бақылау мақсатында сынып жетекшілерімен кездесу өтті. Қыркүйек-қазан айында 1А,Ә,Б,В сынып оқушыларын мектепке қабылдау әңгімелесу, диагностика жұмыстарының қорытындысы өңделіп, танымдық, логикалық ойлау, жады, сауаттылық, моторикасын, тіл байлығын дамытудың тиімді жолдары жайында ата-аналары мен сынып жетекшілеріне ұсыныс-кеңес берілді. Білім беру мекемесінде оқушыны психологиялық сүйемелдеуге ата-аналардың (қамқоршылардың) келісімін алу, түсіндірме жұмысы жүргізілді. Оқушылардың 1 сыныпқа бейімделуін бақылау, оқу барысында кездесетін қиындықтардың шешу жолдарын қарастыру мақсатында сабақтарға қатысып, сергіту, ұйымдастыру, ұжымды қалыптастыру мақсатында тренинг жаттығулары өткізілді. Қараша айында оқу әрекетіне байланысты және әр түрлі жағдайда мазасыздық деңгейін анықтау мақсатында «Термометр», «Күн, бұлт, жаңбыр» әдістемесі қолданылды. Диагностикаға 103 оқушы қатысты. Қорытындысы өңделді, сынып мұғаліміне әр оқушы жайлы ақпарат берілді. «1 сынып ата-аналарына психологиялық көмек» тақырыбында семинар тренинг өткізілді.

Қыркүйек-қазан айында 5А,Ә,Б,В сынып оқушыларының бейімделу кезеңін бақылау, оқу үрдісінде қиындықтарын, таным үрдістерін анықтау мақсатында диагностикалық зерттеу жұмыстары жүргізілді. Сынып сағаттарына қатысу, өткізу, әңгімелесу жұмысы жүргізілді. Сыныппен жұмыс жасауда адамгершілік қасиеттерін тәрбиелеуге басты назар аударылды: дербестікті, белсенділікті, жауапкершілікті дамыту. Негізінен барлық қойылған міндеттер орындалды. Сынып сағаты өткізілді, онда оқуға деген байыпты көзқарас, үй тапсырмасын уақтылы орындау, сабаққа жауапкершілікпен қарау жайлы әңгімелесу болды. Сыныпта оқушылар арасында достық атмосфера орнады. 5 сынып оқушылары ұйымшыл және еңбекқор бола алатындығын, үлкендердің өтініштеріне ықыласпен жауап беретіні байқалды. Оқушылар мұғалімдерге және бір-біріне құрметпен қарайды. Пән мұғалімдерінің оқушылардың оқу жетістіктері туралы пікірі оң, сынып жақсы жұмыс істейді, бірақ оқу мен тәртіпті бақылау қажеттілігі де айтылды. Ұжымда жеңіл бейімделіп, қарым-қатынасты нығайту мақсатында тренинг жаттығулары өткізілді. Ұсыныс: Сынып ұжымын дамыту бойынша жұмысты жалғастыру, оқушылардың интеллектуалды дамуына ықпал ету үшін жағдай жасау, сыныптан тыс жұмыстарға қызығушылықты дамытуды жалғастыру. Бесінші сынып оқушыларының бейімделуін анықтауға келесі зерттеулер өткізілді: Н. Лусканованың «Оқу мотивациясын анықтау» тесті, пәнге деген көзқарасын

анықтау үшін «Түймедақ», танымдық қабілеттерін анықтау: ойлау, есте сақтау, зейін, қиял, қабылдау, өзін-өзі бағалау «Баспалдақ» әдістемесі, «Мектептегі мазасыздық деңгейі» Филлипс тесті және социометрия әдісі алынды. диагностикаға 90 оқушы қатысты. Диагностика нәтижесі өңделіп, оқушының бейімделу кезеңінде кездескен қиындықтарды шешу жолдары ұсыныс сынып жетекшілері, пән мұғалімдеріне көрсетілді.

28.09-13.10.2023 ж.10А,Ә,Б сыныпқа бейімделу кезеңінде оқушылардың жағдайлық үрей (мектептік, өзіндік бағалау, өзаралық) деңгейін және ұжымдағы қарым-қатынасын анықтау мақсатында Кондаш әдістемесі, социометрия әдісі қолданылды. 73 оқушы қатысты, Нәтижесі өңделді, 10 сынып оқушыларының жағдайлық қобалжу деңгейі жоғары 0,0%, ортадан жоғары деп 6,8%, орташа 8,2%, төмен 76,7%-ды көрсетті. Мазасыздығы жоғары, ортадан жоғары деп анықталған 5 оқушымен жеке әңгіме жүргізілді. Социометрия әдісі нәтижесі ұжымдағы қарым-қатынаста көшбасшы 34,2%, елеусіз қалған 2,7%. Шығармашылқ топтық жұмыста көшбасшы 28,7%, елеусіз қалған оқушы 5,4%-ды көрсетті. Әр сынып жетекшісіне ақпарат, ұсыныс-кеңес берілді. Ұжымға бейімделу, қарым-қатынасты нығайту мақсатында тренинг-жаттығулары өткізілді.

2. Оқушыларының жеке қауіпсіздігін, деструктивті және аутодеструктивті мінез-құлықты алдын алу жоспары бойынша диагностикалық және алдын алу, дамыту түзету жұмыстары: 06.11–24.11.2023 ж. 8А,Ә,Б,В,Г сыныптармен психикалық денсаулық, өзін-өзі бағалауды анықтау Айзенк сауалнамасы. Мақсаты:оқушылардың алаңдаушылық дәрежесін, көңілсіздік, агрессивтілік және қаттылық бағалау. Сауалнама қорытындысын бағалау деңгейі және түсіндіру: Мазасыздық: төмен – 49,2%; мазасыздық орташа, қолайлы деңгей – 50,0%; өте мазасыздық – 0,8%. Фрустрация: сәтсіздікке төзімді, қиындықтардан қорықпайды 58,1; орташа деңгей, көңілсіздік орын алады – 38,7%; өзін төмен бағалайды, қиындықтардан аулақ болады, сәтсіздіктен қорқады, көңілсіздік – 3,2%. Агрессивтілік: сабырлы, өзін ұстай біледі – 50,1%; агрессивтіліктің орташа деңгейі – 46,7%; агрессивті, тұрақсыз, адамдармен қарым-қатынас жасауда және олармен жұмыс жасауда қиындықтар туындайды – 2,4%. Қаттылық: қаттылық жоқ, оңай ауысады – 44,3%; орташа деңгей – 53,2%; қатаң түрде айқын, мінез-құлықтың, нанымдардың, көзқарастардың өзгермейтіндігі, олар алшақтаса да, нақты жағдайға, өмірге сәйкес келмейді – 2,4%. Жалпы мазасыздығы: төмен – 78,2%; орташа деңгейде – 20,2%: Мазасыздығы жоғары деңгейді көрсететін оқушы – 1,6%. Қорытынды ұсыныс: алаңдаушылық дәрежесін, көңілсіздік, агрессивтілік және қаттылық деңгейі жоғары оқушылармен жеке сұхбат жүргізіліп, қорытындысы бойынша қауіп анықталмады. Директордың жанындағы отырыста қорытындысы бойынша жалпы ақпарат берілді. Жеке сынып бойынша сынып жетекшілеріне, пән мұғалімдеріне де таныстырылды. Ата-аналар жиналысында, сынып жетекшілерге, оқушыларға «Балалар арасындағы зорлық-зомбылықты, буллингті алдын-алу» тақырыбында түсіндірме-ақпарат, ұсыныс нұсқаулық берілді. Әр сынып оқушылармен ұжымда қарым-қатынасты нығайту мақсатында тренинг жаттығулары өткізілді. 20.11 – 04.12.2023 ж. 9А,Ә,Б,В, 11А,Ә,Б сыныптарда психикалық денсаулықты экспресс бағалау мақсатында И. Н. Гурвич әдістемесі қолданылды. Қорытынды ұсыныс: Диагностика қорытындысы бойынша

психикалық денсаулық толық. Нейропсихикалық тұрақтылық, күйзеліс белгілері жоқ – 47,5%. Психикалық тұрақтылық, күйзеліс белгілері жоқ – 17,7%, шекаралық, невротизм – 16,7%, психикалық патологияның ықтималдығы бар 18,4%, тест қорытындысы бойынша ақпарат, психикалық денсаулықты сақтаудың жолдары атты топтық ұсыныс-кеңес берілді. Ата-аналар жиналысында, сынып жетекшілерге, оқушыларға «Балалар арасындағы зорлық-зомбылықты, буллингті алдын-алу» тақырыбында түсіндірме-ақпарат, ұсыныс нұсқаулық берілді. Психикалық патологияның ықтималдығы бар деп анықталған оқушылармен жеке сұхбат-әңгіме, түзету кеңес жүргізілді.

3. Оқушылар, ата-аналар, сынып жетекшілері, пән мұғалімдерімен алдын алу, ағарту, дамыту, ұйымдастыру-әдістемелік жұмыстары: Мектепішілік жоспар бойынша 19.09-22.09.2023 ж. 6-сынып оқушыларының сабаққа деген көңіл-күйін аңықтау мақсатында сауалнама алынды. Сауалнамаға 102 оқушы қатысты. Сауалнама нәтижесі бойынша «Мектепке қандай көңіл-күймен келесің?» Барлығы жақсы көңіл-күймен келмейді. Пән бойынша қарастырсақ қазақ тілі пәніне 18 оқушы, әдебиет пәні бойынша 20 оқушы, тарих пәні бойынша 28 оқушы, математика пәніне 15 оқушы, орыс тілі 5 оқушы, ағылшын тілі 11 оқушы көңілсіз келетіндігі байқалды. «Мектепке келген кезде қандай сезімде боласың?» барлық оқушы жақсы деп жауап берді. Сыныппен өзара қарым-қатынастары ортадан төмен. Сынып жетекшімен қарым-қатынастары жақсы, жылулық пен мейірімділікті сезетіндігі байқалды. Қорытынды: 6 сынып білім алушылары орта буынға қалыпты бейімделген. Ұсыныс: пән мұғалімдері әр баламен жеке жұмыс жасау. Психолог пән мұғалімдерінен қорқатын балалармен түзету жұмыстарын жүргізу. 20.11.2023 ж.бала мен ата-ана арасындағы қарым-қатынас, байланысты анықтау мақсатында 6 сынып ата-аналарынан сауалнама алынды. сауалнамаға 91 ата-ана қатысты. Нәтижесінде та-аналардың 90% мектепке деген көзқарасы жақсы қалыптасқан. Олардың көзқарасы бойынша сауалнамаға қатысқандардың ішінде ата-аналардың басым көпшілігі өз балалары жайлы толық ақпарат берді. Өз балаларының болашақта кім болатыны жайлы толық біледі. Ата-аналар балаларына әрқашан уақыт бөледі, демалыстарда бірге саяхаттайды. Оқушылар көбіне футбол, волейбол, каратэ, би, қолөнер үйірмелеріне қатысады. Оқушылардың достарын ата-аналар біледі, дос болып жүрген себебі олардың ортақ қызығушылығы бар, бір сыныпта оқитыны деп жауап берді.

11.09-22.09.2023 ж. 8-11 сынып жетекшілерімен кездесіп, сынып оқушылары туралы мәлімет алынды, жаңа оқушылардың ортаға бейімделуін бақылау мақсатында жеке оқушымен кездесу әңгімесі жүргізілді. нәтижесінде жаңа келген оқушыларға бұл мектете оқу ұнайды, өздерін жайлы-еркін сезінеді, сыныптастары және мұғалімдерімен қарым-қатынаста тіл табыса біледі.

18.09.2023 ж. оқушылардың мектепке даярлығын анықтау мақсатында жүргізілген диагностикалық әңгімелесу жұмыстарының қорытындысы бойынша әр оқушы жайлы 1А,Ә,Б,В сынып мұғалімдеріне ақпарат берілді.

25.09.2023 ж Сынып жетекшілері және ата-аналарға арналған психологиялық көмек (1, 8-11 сынып) әлеуметтік желіге, ата-аналар чатына ұсынылды.

28.09.2023 ж. Ата-аналар жиналысында тренинг жаттығу «ҰБТ және мемелекеттік емтиханға психологиялық дайындықтың тиімді жолдары» жадынама

24.10.2023 ж. «Балалардың өмір қауіпсіздігін алдын алу» тақырыбында ата-ана, оқушыларға арналған жадынама (әлеуметтік желі арқылы). 01.11.2023 ж. Педкеңесте ұжымды ұйымдастыру тренинг жаттығуы. 13.11-28.11.2023 ж. Балалар арасында зорлық-зомбылықты алдын алу" отбасы мен мектеп арасындағы қарым-катынасты нығайту мақсатында тренинг (8,9,10 сынып оқушы, ата-ана, сынып жетекші, әкімшілік қатысуымен). 15.11.2023 ж. Ата-аналар төрайымы жиналысында ұйымдастру тренинг (1-11 сынып). «Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығын» іске асыру бойынша ақпарат. «Балалар арасында зорлық-зомбылық, буллингті алдын алу» ұсыныстар.

21.11.2023 ж. Балалар арасында зорлық-зомбылықты алдын алу" отбасы мен мектеп арасындағы қарым-катынасты нығайту мақсатында тренинг, нұсқау-кеңестер (10А,Ә,Б сынып ата-ана, оқушы, мұғалімдер, әкімшілік қатысуымен). 22.11.2023 ж. Оқу әрекетінде оқушының психологиялық әл-аухатын анықтау диагностика қорытынды-ұсыныс, әр оқушы туралы ақпарат 1А,Ә,Б,В сынып мұғалімдеріне таныстырылды. 22.11.2023 ж. Баланы жәбірлеудің (буллингтің) профилактикасы қағидаларын таныстыру, талдау, ұйымдастыру тренинг (1-11 сынып жетекшілер отырысында). 28.11.2023 ж. 8А,Ә,Б,В,Г, 14.12.2023 ж. 9А,Ә,Б,В сыныптармен жүргізілген психологиялық зерттеу жұмысының қорытындысы бойынша ақпарат, ұсыныс (сынып жетекші, пән мұғалімдеріне)

28,29. 11.23 ж. 2А,Ә, 3Б, 4А,Ә,Г сынып ата-аналар жиналысында Балалар арасында зорлық-зомбылық, буллингті алдын алу, баланың таным үрдістерін дамыту жаттығулары. 29.11.2023 ж. «Ата-аналарға арналған психологиялық көмек» 1 сынып ата-аналары мен мұғалімдеріне, семинар-тренинг. 30.11.2023 ж. 1-4, 5-11 сынып жетекшілері мен ата-аналары чатына «Балаңыз буллинг жасамауы үшін және буллингтің құрбаны болмауы үшін келесі кеңестерді ескеріңіз» ата-аналар үшін нұсқаулық, «Буллингті болдырмау сыныптағы жағымды климатты орнату» сынып жетекшілер үшін нұсқаулық жіберілді. 01.12.2023 ж. директордың жанындағы отырыста 8 сынып оқушыларының психологиялық әл-ауқатын анықтау мақсатында жүргізілген психологиялық зерттеу жұмысының қорытындысы жайында ақпарат берілді.

04.08.12.2023 ж. «Жантану әлеміне саяхат» апталық іс-шара жоспары аясында: «Бақыттың кілті неде?» тақырыпта сурет байқауы (1-6 сыныптар арасында), бейне үзінді әзірлеу (7-11 сыныптар арасында сайысы), «Қарым-қатынастың сәттілігі энергияға байланысты» семинар тренинг (мұғалімдермен), ашық психологиялық сынып сағаттары «Қарым-қатынас калейдоскобы» 8 сыныптар, «Бәрінің бастауы махаббат» 7 сыныптар, «Сенімділік күш береді» 4В сынып. «Күн шуақты көңіл күй» 4Г сынып, «Жантану әлеміне саяхат» 9А сынып, «Мейрімділік-асыл қасиет» 6Б сынып, «Отбасы – алтын ұям» 3Ә сынып, «Әлеуметтік желінің бала психологиясына әсері бар ма?» пікір-талас 8-9 сыныптар арасында өткізілді. Үзіліс сәттерінде «Көңілді страрт», тимбилдинг жаттығу-ойындары ұйымдастырылды. Апталық іс-шара аясында жүргізілген жұмыстардың қорытындысы шығарылып, мектепішілік сап түзеуде іс-шараға белсенді қатысқан, үлестерін қосқан оқушылар мен сынып жетекшілері алғыс хат, мадақтама, дипломдармен марапатталды. Өткізілген әр іс-шаралар туралы ақпараттар мектеп инстаграммына жарияланды.

4. Қорытынды аттестаттау және ҰБТ-ға психологиялық тұрғыдан дайындық:

Жоспар бойынша қазан айында ҰБТ, емтиханға психологиялық дайындықтағы қиындықтарды және кәсіби бағдарды анықтау онлайн сауалнама, қорытындысы бойынша жеке оқушылармен әңгімелесу. «Емтиханға қалай жақсы дайындалуға болады», «Күн тәртібінің дұрыс ұйымдастырылуы» ұсыныс, кеңес, тренинг, қараша-желтоқсан айында психикалық, физикалық денсаулықты анықтау диагностикасы және «Жүйкелік психологиялық қысымнан, қатаюдан арылу» тренинг жаттығулары.

4. Сұраныс бойынша жеке оқушылармен әңімелесу жұмысы (1А,Ә,Б, 2Б, 8Г, 4В, 4Ә, 9Ә, 9В, 10Ә, 11А, 11Ә сынып) жүргізілді. 8 сыныптардың оқу сапасын көтеру, оқуға ынтасын арттыру мақсатында зерттеу тобы жұмыс жоспары бойынша 8Г сынып оқушыларымен кездесу, әңгімелесу.

5. Кәсіби білімді шыңдау, тәжірибе алмасу мақсатында семинар, курсқа қатысу:

04.09-15.09. 2023 ж. «Ата-аналарға психологиялық-педагогикалық білім берудің ғылыми-әдістемелік негіздері» курсқа қатысу. 20.10.2023 ж. облыстық мектепке дейінгі, мектеп, колледж білім беру мекемелері «Үздік психологтар» байқауына әділқазы мүшесі. 30, 31.10.23 ж. ында «7-9 жастағы балалардың Когнитивтік, коммуникативтік қабілеттерін және эмоционалды интеллектісін диагностикалау», «Кіші мектеп оқушыларының когнитивтік, коммуникативтік қабілеттерін және эмоционалды интеллектісін дамыту» облыстық семинар-курсқа қатысу. 16.11.2023 ж. «Кәсіби даму мектебі» жобасы бойынша семинар кеңес қатысу (СШ4,5).

Қорытынды: 2023-2024 оқу жылындағы І жарты жылдық жоспары бойынша психологиялық сүйемелдеу жұмысы төмендегі бағыттарда көрсетілді:

1. Диагностикалау саны – 17
2. Түзету-дамыту жұмысы: топтық -36; жеке (әңгімелесу, түзету-дамыту)-105.
3. Профилактика және психологиялық ағарту – 21
4. Консультация беру – 82
5. Ұйымдастыру-әдістемелік жұмыс – 20
6. Сұраныстар бойынша (топтық, жеке) – 16
7. Психологиялық қызмет туралы талдамалық есептер – 35 (сынып саны бойынша)

ІІ жарты жылдық психологиялық қызметіне ұсыныстар:

1. 2023-2024 оқу жылындағы ІІ жарты жылдық жоспары бойынша психологиялық қызмет үрдісін жалғастыру.
2. Аутодеструктивті мінез-құлықты алдын алу әлеуметтік психологиялық сүйемелдеу жұмысын жалғастыру (5-7, 8-11 сынып).
3. Оқушылардың бейімділігін, кәсіби бағдарын анықтау, психологиялық қолдау, кеңес беру.

4. Бастауыш сынып бітіруші оқушылардың орта буынға бейімделуде кездесетін қиындықтарды алдын алу мақсатында психологиялық сүйемелдеу жұмысын жүргізу (топтық, жеке).

5. Жоспардан тыс сұраныс бойынша жеке және топтық психологиялық қызметтерін көрсету.

6. Оқу жылы аяғында атқарылған психологиялық қызметтің сараптамалық есептерін жазу.

Оқу жылының II жарты жылдығында келесідегі психологиялық сүйемелдеу іс-шаралар жоспарға сәйкес орындалды:

1) Аутодеструктивті мінез-құлықты алдын алу, дамыту-түзеу, диагностика (күйзеліске тұрақтылық, мазасыздық деңгейін анықтау диагностикасы 8-11 сынып);

2) Оқушылардың қызығушылығын, кәсіби бағдарын анықтау диагностикасы, кеңес беру (8,9,10, 11 сынып).

3) Бастауыш сынып бітіруші оқушылардың орта буынға бейімделуде кездесетін қиындықтарды алдын алу (психологиялық диагностика, дамыту-түзеу, кеңес беру).

4) Гимназияның оқу-тәрбие жұмысының жоспары бойынша педагогикалық отырыста, мектепішілік және сыныптық ата-аналар жиналысында (қажетті жағдайда) оқушылармен жүргізілген психологиялық зерттеу жұмыстарының қорытындысын таныстыру, білім сапасын арттыру, оқушылардың жеке қауіпсіздігін және психологиялық саулығын алдын алу, ұйымдастыру-әдістемелік жұмыс, кеңес беру;

5) 9, 11 сынып оқушыларын қорытынды аттестаттау және ҰБТ-ға психологиялық тұрғыдан (семинар-тренинг, дәріс, жадынама, кеңестер) дайындық;

6) Жоспардан тыс сұраныс бойынша психологиялық қызмет жұмыстары атқарылды.

7) Оқу жылы аяғында атқарылған психологиялық қызметтердің сараптамалық есебі жазылды.

2024 ж.қаңтар-ақпан айында 8 сыныптарда «Психикалық денсаулық, оны нығайту жолдары» ұжымдағы қарым-қатынас, сенімділікті нығайту мақсатында психологиялық сағат. 9 сынып қыздарымен «Ұжымдағы қарым-қатынасты нығайту мақсатында тренинг. 3-4, 5-7, 8-9 сыныптарда «Дос болайық» акциясы негізінде үзілістерде көңілді тренинг жаттығу-ойындары ұйымдастырылды. 8А,Ә,Б,В,Гсыныптарда «Өз көңіл-күйіңе әсер ет» тақырыбында психологиялық сабақ. 5-7, 8-10 сыныптарда қоршаған ортада оқушылардың өмір қауіпсіздігін анықтау мақсатында «Өлімжеттік, зорлық-зомбылық» тақырыбында анонимді сауалнама алынды. Сауалнамаға барлығы 483 оқушы қатысты. Сауалнама 19 сұрақтан, оқушылардың әр сұраққа берген жауаптары қарастылып, нәтижесі өңделді, хаттама жазылды. 6-сынып оқушыларының сабаққа деген көңіл-күйін аңықтау мақсатында «Оқушылардың тұлғалық ерекшеліктерін диагностикалау» сауалнамасы алынды. 102 оқушы қатысты, хаттамаға тіркелді. Ақпан айында сұраныс бойынша 4 сыныптарда «Ұжымдағы өзара қарым-қатынасты нығайту

жолдары» атты тренинг өткізілді, сынып сағатында «Буллинг, кибербуллинг» түсіндірме жұмысы, бейне материал көрсетілді. Наурыз-мамыр айында сынып сағатында 7 сыныптармен сыныптағы қарым-қатынасты нығайту мақсатында тренинг. «Сенімен қарым-қатынас жасау жағымды ма?», «Квадрат» тренинг жаттығулары 6 сыныптар қыздар арасында өтті. Мамыр айында 5 сыныптар арасында «Би» жаттығулары. 5-7 сыныптарға әр апта сынып сағаттарына кіріп, кей кезде психологиялық тренинг өткізілді,ойындар және әр сынып жетекшіден сынып сағаттарын тренинг жаттығулары өткізу ұсынылды. Сәуір-мамыр айында 8-9 сыныптарда мазасыздықты анықтау (жекелеген оқушылармен) 10-11 сыныптарда «Күйзеліске тұрақтылықты анықтау» тест-сауалнамасы алынды, қорытындысы өңделді. 8 сыныптарда ортада қарым-қатынаста сенімділік нығайту мақсатында тренинг өткізілді. Әлеуметтік педагог, аға тәлімгерлермен бірлесе 1-4, 5-7, 8-11 сыныптарда оқу жылы бойы үзілістерде оқушылардың қарым-қатынасқа түсу, танымдық, шығармашылық ой-өрісін және психологиялық ақуалын кеңейту мақсатында көңілді тренинг-жаттығулары, эстафеталық ойындар, викториналық танымдық сұрақтар ұйымдастырылып өткізілді. Сынып сағаттарына қатысып, ұсыныс-кеңестер берілді.

Ақпан-сәуір айларында кәсіби бағдар бойынша психологиялық сағаттар: 8 сынып оқушыларының басты қызығушылықтарын анықтау мақсатында «Қызығушылық карта» А.Е.Голомшток сауалнамасы алынды, 102 оқушы қатысты. Қызығушылықтың 15 түрлі бағыт бойынша қорытындысы өңделді: Физика – 18,6. Математика – 14,7. Электро ж/е радиотехника – 14,7. Техника – 16,7. Химия – 17,6. Биология – 24,5. Медицина -25,5. Геология ж/е география – 9,8. Тарих – 22,5. Өнер – 33,3. Қызмет көрсету сферасы – 34,3. Әскери іс – 19,6. Спортқа – 50,0% -ы қызығушылық бар екендігі байқалды. Оқушыларға қорытындысы бойынша топтық, жеке ақпарат, кеңес берілді. 9 «А,Ә,Б,В» сыныптарда «Психологиялық тип, геометриялық фигуралардан жасалған адамның конструктивті суреті» әдістемесі. Оқушылардың кәсіби бағдарын, мінез-құлық типтерін анықтау мақсатында А.Е. Климов пен Дж. Голлонд сауалнамасы. Сауалнамаға 98 оқушы қатысты. Сауалнамалар нәтижесі өңделді. «Кәсіби бағдар» А.Е.Климов сауалнамасы бойынша бағыттары: табиғат – 29,6. Техника – 27,5. Адам – 36,7. Белгілеу жүйесі – 17,3. Көркем шығармашылық – 35,7 %. «Мінез-құлық типі» Дж. Голлонд сауалнама қорытындысы: реалистік – 49,0. Зияткерлік – 49,0. Әлеуметтік – 58,1. Конвенциялық – 40,8. Іскерлік – 52,0. Әртістік тип – 38,8%. Оқушыларға кәсіби бағдары және мінез-құлық типтері бойынша топтық және жеке кеңестер берілді. Ұсыныс: 9 сыныптан кейін бейіндік таңдау пәні және мамандық таңдауда кәсіби бағдар, типтерін ескеру. «Мамандық таңдауда кездесетін мәселелерді талқылау» әңгімелесу-дискуссия, топтық кеңес. 10 сыныптарда «Мамандық таңдау. ҰБТ-ға дайындықты жоспарлау» әңгімелесу, «Темперамент, оның тип түрлері, мамандық таңдауда алатын орны» психологиялық сағат, топтық кеңес. Оқушы темпераментінің ерекшеліктерін айқындау. «Геометирялық фигуралар арқылы мінез-құлық типтерін анықтау мақсатында 10«А,Ә,Б» сынып оқушылары Айзенк сауалнамасы (12-17 жас аралығындағы жеткіншектерге арналған), жобалық әдістеме бойынша. Диагностикаға 74 оқушы қатысты, қорытындысы өңделді. Қорытындысы бойынша топтық кеңес, темперамент типтері туралы ақпарат берілді.

Қаңтар-мамыр айларында ҚА-ға, ҰБТ-ға психологиялық дайындық семинар-тренинг сабақтары: 11А.Ә.Б сыныптармен «Стрестен қалай арылуға болады. Кеңес-жадынама. «Жұмыс істеу қабілетін жақсартуға жағдай жасау. Сынақ кезіндегі мінез-құлық», «Жағымды эмоция, эмоцияны басқара білу», «ҰБТ кезіндегі мінез-құлық, өзін-өзі реттеу, тыныс алу техникасы». «Жетістікке жол» 9 сыныптарда «ҚА-ға психологиялық дайындықтың тиімді жолдары» тақырыбында тренинг, жадынамалар берілді.

Наурыз-мамыр айларында 4 «А,Ә,Б,В,Г» сынып оқушыларымен сабақтастық кезеңінде оқушылармен психологиялық сүйемелдеу жұмыстары: танымдық деңгейін анықтау, дамыту жаттығулары және сабаққа көңіл-күйін, сыныптастар арасында өзін бағалау деңгейін анықтау мақсатында есте сақтау, «Сандарды орналастыр», «Артық сөзді тап», «Өзін бағалау социограммасы», «Градусник» әдістемесі қолданылды. Ұжымдағы қарым-қатынаста сенімділікті нығайту, эмоциясын басқара білу, танымдық үрдістерін (есте сақтау, зейін-назар аудару, сөздік логикасы) дамыту жаттығу-ойындар өткізілді. Зерттеу жұмыстарының қорытындысы өңделіп, ұсыныстар сынып жетекшілеріне таныстырылды. Сабақтастық кезеңінде психологиялық сүйемелдеу жұмысына 121 оқушы қатысты. Педагогтердің сабақтастық отырысында қорытынды: Оқушының бесінші сыныпта білім алуының басталуы кіші жасөспірім кезеңімен сәйкес келеді, ол келесілермен сипатталады:

- көптеген балалардың тез физиологиялық жетілуі, ағзадағы гормондық өзгерістер;
- қарқынды өсу, тез шаршау, қозғыштықтың жоғарылауы, ашушаңдық;
- белсенділік қарқынының баяулауы, зейіннің шоғырлануының жоғарылауы;
- құрдастар ұжымында, отбасында лайықты орынға деген қажеттілік; адал дос табуға деген ұмтылыс; Өзін-өзі бағалаудың төмендігі; Ситуациялық шартты эмоциялар. Сонымен қатар оқытудың жаңа жағдайларына бейімделу мәселесі қосылады: оқытудың жаңа шарттары; талаптардың өзгеруі; сынып жетекшісінің тұрақты бақылауының болмауы. Мұғалімдерге, сынып жетекшілеріне, ата-аналарға ұсыныс:

1. Әр сабақта оқушылардың психологиялық ахуалын назарға алу;
2. Кітап (әсіресе қазақ тілінде) оқуға, өзара талқылау және мазмұндауға, сабақтан тыс уақыттарда қазақ тілінде әңгімелесуге талап қою.
3. Пән мұғалімі мен сынып жетекшілері оқушының мектептегі өмірін, іс-шараға қатысуын қадағалап, назарда ұстау, ата-аналармен тығыз қарым-қатынаста болу.

Ұйымдастыру-әдістемелік жұмыс, профилактика және психологиялық ағарту, кеңес беру (мұғалімдер, ата-аналар, оқушылар). Қаңтар айында оқушының оқу үлгеріміндегі қиындықты шешу жолдарын қарастыру және оқу үлгерімін көтеру мақсатында 4Ә сыныпта 2 оқушының ата-анасының қатысуымен педконсилиум. 30.01.2024 ж.директордың жанындағы отырыста «Әлімжеттік, зорлық-зомбылық тақырыбында сауалнама қорытындысы бойынша ақпарат, мектепте кездесетін қателіктер, оны алдын алу ұсыныстары берілді. Ақпан айында оқушылардың ҚА, ҰБТ-ға дайындық нәтижесін көтеру мақсатында 11А,Ә,Б сынып жеке оқушы-ата-

анасының қатысуымен педкосилиумға қатысу, хаттама. Мектеп оқушыларының қауіпсіздігін алдын-алу мақсатында 1-11 сынып жетекшілерімен жеке кездесуге қатысу, ұсыныстар берілді. Сәуір-мамыр айында 9 сынып ата-аналар жиналысында «Оқуда, өмірде стрестен арылып, еркін сезініп мақсатыңызға жеткіңіз келеді ме?» тренинг, ҚА-ға психологиялық дайындық бойынша көмек-кепілдеме. Директордың жанындағы отырыста «Зорлық-зомбылық алгаритмін» ақпараттандыру. 11 сынып ата-аналар жиналысында «Ата-аналарға арналған ҚА-ға, ҰБТ-ға психологиялық дайындық» бойынша көмек-кепілдеме, тренинг. 4 «А,Ә,Б,В,Г» сыныптармен сабақтастық кезеңінде жүргізілген зерттеу, дамыту жұмыс қорытындысы бойынша ата-ана, сынып жетекшілеріне ұсыныстар берілді. Сұраныс бойынша тарих пәні мұғалімдерінің облыстық семинарында «Эмоцияналдық кернеуден босаңсу» тренинг жаттығулары ұйымдастырылды. Ата-аналармен жиналыстарда тақырыптық дәрістер, тренингтер өткізілді және жеке алдын-алу жұмыстары жасалды.

Ақпан айында гимназия әкімшілігіне «Қарым-қатынас шеберлігі» тақырыбында ортамен үйлесімді қарым-қатынас жасауға дағдыландыру, мәдени сөйлеу білігін дамыту, өзара жағымды қарым-қатынасын арттыру, парасаттылыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу мақсатында тренинг өткізілді.

Қаңтар-наурыз айында республикалық деңгейде «Дарынды 1000 бала Республикалық олимпиадасы» атты «Менің болашақ мамандығым», «Жүсіпбек Аймауытұлының еңбектері және психологиялық, педагогикалық көзқарастары», «Қазақ тілім - байлығым» тақырыбында эссе байқауына 8-11 сыныптар арасынан 9 оқушы қатысып, қатысқан оқушылардың барлығы «Қазақстан дарыны» номинациясы бойынша 1, 2 дәрежелі дипломдармен марапатталды. Ақмола облысының оқушылары арасындағы «Менің болашақ мамандығым» тақырыбында эссе байқауы бойынша: «Менің бейімділігімнің болуы», «Менің кәсібім – менің болашағым», «Менің кәсібім - менің арманым», «Менің арманым ...», «21 ғасырдың мамандықтары» тақырыбында эссе байқауына 9-11 сыныптар арасынан 8 оқушы қатысып, нәтижесінде 2 оқушы 1 дәрежелі дипломмен марапатталды. «Педагог и психолог – профессия будущего» бейнероликтер байқауында «Лучшее музыкальное сопровождение» номинациясымен 6«Б» сынып оқушылары, жетекшілері Тауфих А., Мухамеджанова М.М. «Алғыс хатпен» марапатталды. Қаңтар-мамыр айларында 6 «Б» сынып оқушысы Сабит И. «Психологиялық ой-өрісті дамытатын көнерген ұлттық ойындарды насихаттау» тақырыбына қызығушылық танытып, тақырыпты зерттеу үшін сыныптастарымен сауалнама және тәжірибелік жұмыс жүргізіп, құнды ақпарат-мәліметтер жинақтап, психология бағытында 2-7 сынып оқушылары арасында «Зерде» ғылыми жоба байқауының қалалық кезеңіне қатысып, нәтижесінде 3 орынға ие болды.

Кәсіби білімді шыңдау, тәжірибе алмасу мақсатында конференция, семинар, курсқа қатысу:

- Ақпан айында облыстық мектепке дейінгі, мектеп, колледж мекемелерінің психологиялық қызмет кабинет байқауына әділ қазы.
- Сәуір айында «Көкшетау қаласы мен Ақмола облысы мектеп директорларының «Ғылым және білім ұлттың зияткерлік әлеуеті» атты ІІІ Республикалық педагогикалық форумда «Оқушылардың психологиялық мінез-құлық

ерекшеліктерін зерттеу мәселелері және оларды шешу жолдары» тақырыбында баяндама жасағаны үшін сертификат берілді.

- «Инклузивті білім беруді ұйымдастырудың заманауи мүмкіндіктері» тақырыбында қалалық семинарға қатысу.
- «Діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу мақсатында жат ағым өкілдерімен жұмыстың психологиялық аспектілері» семинарға қатысу.

Қорытынды: 2023-2024 оқу жылындағы жылдық жоспары бойынша психологиялық қызмет жұмыстары төмендегі бағыттарда көрсетілді:

1. Диагностикалау саны – 33
2. Түзету-дамыту жұмысы: топтық – 130; жеке (әңгімелесу, түзету-дамыту) – 197.
3. Консультация беру – 118
4. Ұйымдастыру-әдістемелік жұмыс, профилактика және психологиялық ағарту – 52
5. Сұраныстар бойынша (топтық, жеке) - 37
6. Психологиялық қызмет туралы талдамалық есептер – 21 (35 сынып)

2023-2024 оқу жылындағы кітапхана жұмысының жазбаша есебі

Жалпы мектеп кітапханасы білім беру жүйесінің құрылымдық бөлімі болып табылады. Мақсаты «Оқуға құштар мектеп» жобасын жүзеге асыру бойынша кітапханадағы кітап қорын барынша ашып көрсету, насихаттау, жарнамалау бағытында жұмыс жасау. Оқырмандарға кітапханалық-библиографиялық көмек көрсетіліп, түрлі іс-шаралар ұйымдастырылып өткізіледі.

Оқу жылының алғашқы күндерінен оқушыларға кітаптың адам өміріндегі алатын орнын, маңызын дәріптейтін іс-шаралар ұйымдастырылды. Кітап – мәдени өмір қайнары, сарқылмас білім бұлағы. «Кітап – алтын қазына» атты жаңа кітаптар бейне ролик түсіріліп, оқушылар чаттарына жіберілді. Үзілісте « Кім тапқыр?» атты 5-7 сынып оқушыларымен интелектуалды ойын өткізілді. Мұқабасы жасырылған кітаптың атауын және авторын балалар қысқаша берілген мәтін бойынша тауып, тапқырлық көрсетті. Кітапханада «Ашық есік» күндері ұйымдастырылып, биылғы келген жаңа кітаптар оқушылардың назарына ұсынылды.

Ахмет байтұрсыновтың туғанына 150 жыл толуын атап өту шаралары өз жалғасын табуда, осыған орай «Ұлт ұстазы» атты танымдық сағат ұйымдастырылды . Оқушыларға көрмеге қойылған баспа басылымдарынан мәлімет беріліп, кітаптарына шолу жасалды. Үзілісте «Мақал –сөздің мәйегі» атты сайыс ұйымдастырылды. 6 сынып оқушылары берілген мақал-мәтелдердің жалғастырып, сөз өнеріне деген қызығушылықтарын танытты. 8,11 сынып оқушыларымен «Кітапты жан азық деп қанып іш» атты дөңгелек үстел өткізілді. Шара барысында қатысушыларға кітап оқудың маңызы түсіндіріліп, пайдасы жөнінде ақпарат берілді. Ертегілер әлемі – ғажайыпқа толы керемет, әрі жұмбақ әлем. 1 сынып

оқушылары «Әжемнің ертегілері» тақырыбында бейнежинағын тамашалап, «Жыл мезгілдері», «Кім күшті», «Мұрагер» т.б. ертегілерін тыңдады. Мақсаты: ертегі тыңдау арқылы балалардың жан-дүниесін дамыту. Қайта жанданған мереке Республика күні қарсаңында «Менің Отаным – Қазақстан» тақырыбына көрме ұйымдастырылып, бейнеролик түсірілді. 5 а сынып оқушыларымен «Демалысқа жаңа кітаппен» атты библиофреш өткізілді. Оқушыларға жаңа көркем әдебиеттер насихатталып , қызығушылық танытқан әдебиеттерін демалыста оқуға жазғызып алды. 2 б сынып оқушыларына «Біз кітаппен дос боламыз» атты ақпараттық сағат өткізілді. Оқушылар кітапханадағы балалар әдебиетімен танысып, баспасөз беттерінен жұмбақ шешті.

«Зорлық-зомбылықтың алдын алу» жоспарына сәйкес 8г сынып оқушыларымен «Қыз тәрбиесі – ұлт тәрбиесі» тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді. Шара барысында қазақ қыздарына тән адами қасиеттер түсіндіріліп, тәрбиеге байланысты мақал-мәтелдер талданды. Қыздар ажарына қарай бөлінетін арулар сипаттамасына өз көзқарастарын, пікірлерін ортаға салды. Мақсаты: әдептілік ұғымдарын бойларына сіңіру, ар-намысын жоғары ұстай білуге, жауапкершілікке үйрету.

Батыр.Ғалым.Жазушы М.Ғабдуллиннің туғанына 108 жыл толуына орай «Ғибраты мол ғұмыр» атты әдебиеттер көрмесі ұйымдастырылып, шолу жасалды.Елі үшін қан майданда жаумен шайқасып, бейбіт заманда аянбай еңбек еткен ұлы тұлғаның өмірі мен шығармашылығы жас ұрпаққа үлгі. Ұлттық валюта - теңгенің айналымға енгеніне 30 толуына орай «Ұлттық теңге – төл тарихымыз» атты мерзімдік басылымдар көрмесі ұйымдастырылды. Оқушыларға теңгенің тарихи маңызы және мемлекет тәуелсіздігінің нышандарының бірі екені айтылды. 3в сынып оқушылары күзгі демалыс уақытында «Біздің кітап сөресі» атты отбасылық оқу сағаттарын өткізді. Оқушылар ата-аналарымен бірге кітап оқып, рухани дамып, демалыстарын қызықты өткізе білді.

Психология ілімі апталығына орай «Жантану әлеміне саяхат» атты «Денсаулық және өмірлік дағдылар» сериясы бойынша кітаптар көрмесі ұйымдастырылды. 3 сыныптар арасында қалалық «Көркем сөздің ақ желкені» оқырмандар байқауына қатысқан 3в сынып оқушысы Темен Зейнеп жүлделі 2 орынды иеленді. 16 желтоқсан күніне орай «Тәуелсіздік таңы – мәңгілік» тақырыбына кешенді көрме ұйымдастырылып, оқырмандарға ұсынылды. «Қыста қызығып оқимыз» - кітаптар презентациясы жасалып оқушылар чаттарына салынды және 4а сынып оқушылары «Менің сүйікті кітабым» тақырыбына кітаптар оқып, фото, видеоларын жолдады. 2а сыныбымен «Мен кітаппен дос боламын» - танымдық сағат өткізілді, оқушылардың кітапты ұдайы оқуына жағдай жасау мақсатында. Жазушы Бек Тоғысбаевтың шығармашылығын насихаттау және драматург, публицист көрнекті жазушы Жүсіпбек Аймауытовтың туғанына 135 жыл толуына орай 7в сынып оқушыларына кітаптарынан көрме жасалып,

өмірлері мен шығармашылығына шолу жасалды.5сынып оқушылары «Менің сүйікті авторым» қалалық байқауына презентация дайындап, мультимедия технологиясын қолдану қабілеттерін көрсетіп, сертификат иеленді. «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында "Менің сүйікті кітабым" атты челлендж ұйымдастырылып, оқушылардың оқыған кітаптары насихатталды және қалалық челленджге 7 в сынып оқушылары және 10а сынып оқушысы Амангельдинова Мадина қатысып дипломмен марапатталды.Челлендж арқылы оқуға ұсынылған Қасым Аманжоловтың «Дариға сол қыз» кітабы бойынша «Әр өлеңі бір әлем» атты әдеби сазды кеш ұйымдастырылды. Оқушылар ақын шығарамшылығымен танысып, «Өзім туралы» әнін бейнебаян арқылы тыңдады. Күнтізбелік мерейтойлар, мерекелер қарсаңында кітап және баспа басылымдары көрмелері ұйымдастырылып оқырмандарға ұсынылады.

Осы өткізілген іс-шаралар арқылы білім алушылардың тұлғалық әлеуметтенуі мен дамуы, рухани-адамгершілік мәдениеті, ақпараттық ресурстардың барлық түрлері мен деңгейлерін пайдалануға үйрету, оқу мәдениетін қалыптастыру, кітапхананы үнемі пайдалануға дағдыландыру үрдістері іске асырылуына аз да болса жәрдем тигіздік деген ойдамыз.

Атамекен" ұйымының жылдық есебі. 2023-2024 оқу жылы

2023-2024 оқу жылының қыркүйек айында «Атамекен» ұйымының жылдық жоспары құрылды. Жоспар бойынша іс шаралар уақытылы өткізіліп тұрды.

Мақсаты: Ұлттық және жалпы азаматтық құндылықтарға сәйкес рухани дүниесі кең тұлғаны қалыптастыру, балалар мен жасөспірімдерді қазақстандық патриотизм рухында тәрбиелеу мақсатында республика бойынша барлық өңірлерде «Жас Ұлан» ұйымының жұмысын жандандыру.

Міндеттері: Жасұландықтардың қоғамдық белсенділіктерін арттыру;

Оқушылардың танымдық қоршаған ортаға деген қызығушылықтарын арттыру;

Оқушыларды қоғамдық пайдалы шараларға тарту;

Балаларды заманға сәйкес дамытып, оларды жаңа қатерлер мен зиянды әрекеттерден қорғау;

Қыркүйек

Қыркүйек айында өзін өзі басқару ұйымы құрылып, ұйым топбасшысы мен ұйым мүшелері сайланды. Сынып жетекшілермен бірлесе отырып «Туған тілім

тірлігімнің айғағы» атты тілдер мерекесіне апталық жоспар жасалынып, іс-шараларды өткізу жоспары құрылды. Тілдер мерекесі күніне арналып салтанатты саптүзеу өткізілді. Гимназия оқушылары тілдер күніне арналған тақпақ, өлеңдерін айтты. Сонымен қатар көп тіл меңгерген ғұламалар жайлы маңызды мәліметтер айтылды. Іс-шара инстаграм желісіне жүктелінді. Кітапханада А.Байтұрсыновтың 150 жылдық мерейтойына орай «Ұлттың ұлы ұстазы» тақырыбында кітап көрмесі ұйымдастырылып, оқушыларға таныстырылды. «Атамекен» ұйым мүшелері жоғары сыныптар арасында «Сөз төресі шешендік өнер» тақырыбында викторина өткізді. Жеңімпаздарға тәтті сыйлықтар берілді.

Қазан

«Атамекен» ұйым мүшелерімен бірлесе отырып 1-қазан Қарттар күніне арналған іс-шаралар өткізілді. Сынып жетекшілер «Қарттарым-асыл қазынам» тақырыбында оқушыларға сынып сағатын өткізді. Барлық өткізілген сынып сағаттары әлеуметтік желіге жүктелінді. «Қарты бар үйдің-қазынасы бар» тақырыбында саптүзеу өткізілді. Гимназиямызда қарттар күніне орай «Қарттарын қадірлеген ел ардақты» атты салтанатты шара өтті. Шараға гимназиямызда ұзак жылдар еңбек етіп, оқушыларды білім нәрімен сусындатқан зейнеткер, ұстаздар мен қызметкерлер қатысты. Қарт зейнеткерлерге мерекелік дастархан жайылып, «Атамекен» ұйым мүшелерінің қатысуымен концерттік бағдарлама өткізілді. Гимназияда «Сенім жәшігі» орнатылды. Сенім жәшігі егер де оқушыларды бір мәселе мазаласа, достыққа, отбасындағы қарым-қатынасқа, сыныптағы қарым-қатынасқа, ұстазбен қарым-қатынасқа байланысты жағдай туындап жатса – бұл ақпарат сенім жәшігіне салынады. Сенім жәшігіне жазылатын хаттардың көбісі анонимді түрде болады. Мақсаты: білім беру үдерісінің субъектілеріне педогогикалық, психологиялық, құқықтық көмек көрсету.

Жыл бойы оқушылардың күнделікті сабаққа қатысуы бақыланды. Оқушылардың бос уақыты тиімді өту мақсатында Аға тәлімгер мен «Атамекен» ұйым мүшелерінің ұйымдастыруымен көңілді үзілістер өткізілді. Оқушылар үзілісте мақал-мәтелдерді жалғастырып, сөз өнеріне қызығушылық танытты.

Президент сайлауы

Президент сайлауына қатысушы үміткерлер өздерінің бағдарламаларымен әлеуметтік желіде бөлісті. Үміткерлікке гимназиямыздан 6 оқушы қатысты. Олар: 9 А сынып оқушысы Хасенова Айжан, 10 А сынып оқушысы Сериков Даниал, 10 Ә сынып оқушысы Батыр Аделина, 10 А сынып оқушысы Маманова Салтанат, 10 Б сынып оқушысы Толеуов Бекзат және Шалабаева Жанбота. Сайлаудың қорытындысы бойынша 10 Ә сынып оқушысы Батыр Аделина мектеп президенті атанды.

«Күз кереметтері» тақырыбы аясында әрбір сынып видеоролик түсірді. Видеороликтер әлеуметтік желіге жарияланды. «Ең үздік видео» «Креативті видео» номинацияларымен оқушылар саптүзеуде марапатталды

Қараша

«Атамекен» ұйым мүшелерінің қатысуымен «Күзгі каникул кезінде » оқушылардың бос уақытын тиімді пайдалану іс шаралары жоспарланды. Спорттық квест ойындары ұйымдастырылып, өткізілді. Ойын қызықты да пайдалы болды. Әлеуметтік желіге жүктелінді. «Атамекен» ұйым мүшелерімен бірлесе отырып

Жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықпен, бопсалауды болдырмаудың алдын алу жоспары бойынша дөңгелек үстел өткізілді. Гимназиямызда Мәлік Ғабдуллиннің туған күніне орай салтанатты саптүзеу өткізілді. Саптүзеуде даңқты батырымыз жайлы өлеңдер оқылды, ән шырқалды. Жүргізушілеріміз Мәлік Ғабдуллиннің өмірі мен шығармашылығы жайлы қызықты, тың мәліметтер айтты. Соғыста көрсеткен ерліктері жайлы сыр шертілді, “Атамекен” ұйым мүшелері Мәлік Ғабдуллиннің құрметіне көрініс қойды. Мәлік атамыз салып берген сара жол мәңгі өшпесін.

Желтоқсан

Мектеп президенті мен “Атамекен” ұйым мүшелерінің ұйымдастыруымен “Жас ұлан”, “Жас қыран” балалар жасөспірімдер ұйымына қабылдау рәсімі өтті. Мектебіміздің үздік, белсенді оқушылары осы ұйым қатарына қабылданды. Видеосы әлеуметтік желіге жүктелінді. Желтоқсан айында ДТІЖО мен “Атамекен” ұйым мүшелерінің ұйымдастыруымен «Екі жұлдыз» іс-шарасы өткізілді. “Атамекен” ұйым мүшелерінің қатысуымен 16 желтоқсан тәуелсіздік күніне арналып саптүзеу өткізілді. Саптүзеу гимназиямыздың директоры Ахмеджанова А.М. құттықтау сөзінен басталып, 1 минуттық үнсіздік жарияланды. 16 желтоқсан - қазақ елінің әрбір азаматы үшін ең маңызды күн. Себебі отыз екі жыл бұрын дәл осы күні күллі әлем Қазақстан Республикасын дербес мемлекет ретінде таныды. Желтоқсанның екпінімен келген Тәуелсіздіктің маңызы қашан да зор болмақ.

Қаңтар

“Атамекен” ұйым топбасшыларының жалпы жиыны өткізілді. Жиында қысқы каникул кезіндегі іс-шаралар жоспары талқыланды. Оқушылар демалыстарын пайдалы өткізді. «Менің қысқы демалыс кезіндегі қызықтарым» фото-видео жолдау жіберді. Видеолар әлеуметтік желіге жүктелінді. Қыс тақырыбына байланысты өлең жаттап жолдады. Отбасылық шеберхана тақырыбында оқушылар отбасы мүшелерімен біріге отырып, қолөнер жасап,аға тәлімгерге видеоларын жіберді. Фото-видеолар әлеуметтік желіге жарияланды. Оқушылар демалыс кездерін тиімді пайдаланды. Қаңтар айында арнайы мамандар гимназиямызға келіп «Дұрыс тамақтану, денсаулықтың кепілі» тақырыбында лекция өткізді. Оқушыларға пайдасы мол болды.

Ақпан

Д.А.Қонаевтың 112 жыл мерейтойына орай салтанатты сап түзеу өткізілді. Сап түзеуде «Атамекен» парламент белсенділері тарапынан оқушыларға Д.Қонаев туралы құнды ақпарат айтылды.Сап түзеудің соңы «Сырға толы-сырлы әлем» атты жаратылыс тану апталығының жабылуымен аяқталды. Мектебіміздің «Атамекен» парламент белсенділері «Көңілді үзіліс» айдары аясында «Достарын көп болса, жалғызбын деме» атты достық ағашын салып, әр кім бұл ағаш жапырағы ретінде өз саусақ ізін қалдырды. Бұл достық ағашының мақсаты, оқушыларды бірлікке, ұйымдастырушылыққа тәрбиелеп, бір мектеп бір үлкен отбасы екенін көрсету болды. «Атамекен» ұйым белсенділері орыс тілі апталығына арналған көңілді үзіліс өткізді. Оқушыларға орыс тілі пәніне арналған сұрақтар қойылды. «Атамекен» ұйымы оқушыларға арналған қызықтайм өткізді. Мақсаты: балалар бос уақытта ұялы телефонда отырудың орнына қызық ойындарды ойнау. Гимназиямызда рәміздеріміздің құрметіне «Мемлекеттік рәміздер-ұлттық

мақтанышымыз» атты іс-шара өтті Бұл іс-шараға «Атамекен» парламент мүшелері белсенділік танытып, би қойды. «Атамекен» парламент мүшелері бастауыш сыныптарға көңілді үзіліс өткізді. Біздің ұйым балалардың көңілін керемет көтерді.

Наурыз

«Атамекен» парламент мүшелері 1-наурыз алғыс айту күніне арналған, мұғалімдерге тосын сый жасады. Құрметті ұстаздарымызға жылы лебіздерін білдіріп, өздерінің тілектерін жазып, тарту етті. Ұстаздарымыздың көңілдері бір көтеріліп қалды. «Атамекен» парламент мүшелері 1-наурыз алғыс айту күніне chocolate day челлендж аясында, көктемнің ажарлы алғашқы алғыс күнінде тәттілерді табыстады. 1-наурыз алғыс айту күніне салтанатты саптүзеу өткізілді. «Атамекен» парламент мүшелері би биледі.

Гимназиямызда «Ару қыз» атты байқау өтті. Бұл байқауда гиназиямыздың 1-10 сыныптар аралығындағы өнерлі де көркем аруларымыз өздерінің бақтарын сынады. Байқау 3 кезеңнен тұрды. Алғашқы кезең «таныстыру» бұл кезеңде қатысушылар өздерін әртүрлі өлең шұмақтарымен, әнмен жырлай отыра сан қилы ерекше түрде таныстырды. Келесі кезекте «өнер» бұл кезеңде нәзік жанды аруларымыз өздерің ерекше өнерлерін көрсетіп әділ қазы алқасы мен көрермендерге ерекше әсер қалдырды. Соңғы кезең «дефиле» аруларымыз ерекше үлгідегі көйлектерін сахна төріне шығып көрсетті. Байқауға "Атамекен" ұйым белсенділері қатысып, өз өнерлерін көрсетті. Осылайша байқау өз мәресіне жетіп, қатысушыларымыз мадақтама қағаздармен марапатталып , ақшалай сертификат және де бассейнге жолдама алды.

Гимназиямыздың «Атамекен» ұйымы «1 мақал - 1 бауырсақ» атты ойынын өткізді. Ойын жылдамдыққа және тапқырлыққа бағытталған. «Атамекен» парламент белсенділері «логикалық жұмбақ» атты көңілді ойынын өткізді. Ойын оқушылардың логикалық жылдамдығына , үлгеріміне бағытталған. «Атамекен» парламен мүшелері көңілді үзіліс кезінде «Асық атып мақал тап» ойынын ұйымдастырды. Гимназиямызда "Ұлыстың ұлы күні -Әз Наурыз" атты салтанатты мерекелік іс-шара өткізілді. Іс-шараға "Атамекен" парламент мүшелері белсенді атсалысты. "Атамекен" ұйым белсенділері оқушылардан «Наурыз мерекесі жайлы не білеміз?» атты викторина айдарын ұйымдастырды.

Сәуір

«Атамекен» парламент белсенділері "Табиғатты сақтайық" челленджін қолдап, жалғастырды. Табиғатты аялау, қорғау басты міндетіміз деп санайды.

Гимназиямызда Ақмола облысы ПД Есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл басқармасы аға жедел уәкілі полиция подполковнигі Курсанова Р.Т және де ювиналды полиция қызметкерлері 9-10 сыныптар арасында нашақорлықтың алдын алу және құқық бұзушылықты болдырмау бойынша дәріс өткізді.

"Атамекен" ұйым белсенділері бастауыш сынып оқушыларымен құстарға көмек жасау мақсатында, мектеп алыңдағы ағаштардың біреуіне құс ұяшығын орналастырды.

Мамыр

7 Мамыр Отан қорғаушылар күніне орай әр сыныпта Мен - елімнің ұланымын! “ тақырыбында сынып сағаттары өткізілді. «Мамыр-ынтымақ айы» айлық аясында «Игі істер күні » акциясы болып жарияланды. Осы атаулы күні “Атамекен” ұйымы мұғалімдерге, мектептің тазалығын сақтайтын апайларға тәтті сыйлықтарын ұсынды. Өздерінің жылы лебіздерін білдірді. Мамыр айының аяғында “Атамекен” ұйымының 2023-2024 оқу жылындағы қорытынды отырысы болды. Отырыста “Атамекен” ұйымы мүшелерінің жыл бойынша атқарылған жұмыстарының есебі жасалынды.

25 мамыр мектеп бітіруші түлектердің «Соңғы қоңырау» мерекесі өткізілді. Бұл күн - мектеп бітіруші түлектерді ерекше тебірентіп, кеудеге қимастық сезімін ұялататын сәт болды.

Үйірме жұмыстарының есебі

Балаларға қосмыша білім беру-білім алушылардың білім алу қажеттіліктерін жан-жақты қанағаттандыру мақсатында жүзеге асырылатын тәрбиелеу мен оқыту үрдісі, үздіксіз білім беру жүйесінің ажырамас бөлігі. Балаларға қосмыша білім беру жүйесі салауатты өмір салтын қалыптастыру, жеке тұлғаны өздігінен дамыту, шығармашыл, дарынды балаларды анықтау, оларға қолдау көрсету және қабілеттіліктерін дамыту, өскелең ұрпақ тәрбиесіне және олардың дарындылығын дамытуға, балалардың құқықтарын қорғауға назар аударуды күшейтуге бағытталған.

Еліміздегі мектептен тыс ұйымдардың қосымша білім беру және бос уақытты ұйымдастыру қызметтерінің бірнеше бағыттары бар: көркемдік-эстетикалық бағыттағы білім беру, туризм және өлкетану жұмыстарын дамыту, оқушылардың ғылыми-техникалық шығармашылығын ұйымдастыру т.б.

Қазақстан Республикасында білім беруді кешенді жүзеге асыру үшін ,оқушылардың бос уақытын тиімді пайдалану, балалардың қызығушылығын дамыту мен дарындарға бейімділігін анықтау мақсатында мектепте 2023-2024 оқу жылында 27 үйірме, спорттық секциялар жұмыс жасайды. Олар:

№	Үйірме аты	сағ	дүйс.	сейс.	сәрс.	бейс.	жұма	сенбі	қатысатын сынып	жетекшісі	Өтетін орны
1	Домбыра	8	12.00-13.35 7 «Ә»,7 «Б» 17.00-19.25 5 «Ә», 8 «А», 8«Б»	17.00-19.25 9 «А»9«Ә», 9 «Б»					5 «Ә»7«Ә», 7«Б»,8«А», 8 «Б»,9 «А», 9 «Ә»,9 «Б»	Курмангожина Дина Бакытовна	Рухани жаңғыру

2	Сазды сәлем	7		10.00-12.25 *7 «А»,7 «Ә», 7 «Б»*		16.45-18.40 8«Ә»,8 «Б», 9«А»,10«А»			7 «А»,7 «Ә», 7 «Б»8«Ә», 8 «Б»,9«А», 10 «А»	Кабдуали Султан Муратович	Мәжіліс зал
3	Музыка әлемі	5	10.00-12.25 *6«Ә»7«Ә», 7 «В»*			10.00-11.35 *5«А»,5 «Ә»*			5 «А»,5 «Ә», 6«Ә» 7 «Ә» 7 «В»	Кабдуали Султан Муратович	Мәжіліс зал
4	Би өнері	7		11.00-12.30 *7«А»,7 «В»* 17.00-18.35 *8 «А»,10 «А»*		11.00-11.45 *5 «А»* 17.00-18.35 *8 «Ә», 8«В»*			5 «А»,7 «А», 7«В»,8 «Ә», 8 «Б»,8«В», 10 «А»	Закарьянова Алена Сергеевна	Би бөлмесі
5	Ораторлық өнердің қыр сыры	3		*12.00-12.45* *6«Ә»*	11.00-12.25 *5«А», 5«Ә»*				5 «А», 5«Ә»,6«Ә»	Шахан Әмина Ерланқызы	Мәжіліс зал
6	Мәліктану	2		*19.00-19.45 8 «Ә»*	18.40-19.25 *8 «А»*				8 «А»,8«Ә»	Уалиева Жұлдыз Олжабаевна	Мұражай
	Мәліктану	1					11.00-11.45 *7 «В»*		7 «В»	Сулейменова Диляра Бахрамовна	Мұражай
7	Дебат	2			17.00-18.35 *9 «Ә»,9 «Б»*				9 «Ә»,9 «Б»	Алина Аружан Нурлановна	Рухани жаңғыру
8	Театр өмір айнасы	1		13.15-14.00 *2«А»,3 «Ә»*					2«А»,3«Ә»	Уалиева Жұлдыз Олжабаева	№43
	Театр өмір айнасы	2			13.20-14.00 *4 «А»,4 «В»*	13.30-14.05 *2 «В»,3«В»*			2 «В»,3«В» 4 «А»,4 «В»	Кулажанова Ж.К. Жанбырбаева Н.Х.	№39 №33
	Театр өмір айнасы	1				13.15-14.00 *4 «Ә»,4 «Б»*			4 «Ә»,4 «Б»	Ахметжанова Самал Кенжебулатовна	№44

9	Шығармашылық жобалар	2	13.00-13.45 *1 «Б»,2«Ә»*			13.00-13.45 *3 «А»,3 «Б»*			1 «Б»,2 «Ә» 3 «А»,3 «Б»	Сайлыбаева Д.А. Есимсеитова Д.А.	№30 №46
10	Графикалық дизайн	2						16.30-18.00 9 «Ә», 10 «Ә»	9 «Ә»,10 «Ә»	Касымов Бөгенбай Сакенович	№52
11	Ландшафтық дизайн	1		14.30-15.15 *10 «А»*					10 «А»	Казбекова Сая Тайлаққызы	№4
12	Шебер қолдар	3		12.50-13.35 *5 «Ә»*			12.00-13.35 7 «А»,7«Ә»		*5 «Ә»,*7 «А», 7«Ә»	Мешитбаева Куляш Жумагалиевна	№51
13	Интерьер дизайн	2	11.00-11.45 *7 «Б»*		15.00-15.45 *10 «Ә»*				7 «Б», 10 «Ә»	Кульмаганова Салтанат Бейсенбековна	№51
14	3Д дизайн	2	12.00-12.45 7 «А»		15.00-15.45 8 «А»					Алина Аружан Нурлановна	№17,18
15	Кубик рубик	2		15.00-15.45 *8 «В»*			13.20-14.00 *6 «Ә»*		*6 «Ә», 8 В»*	Алип Айбек	№4
16	Жас жол инспекторы	1			12.30-13.05 *7 «В»*				7 «В	Каримова Эльмира Талғатовна	Мәжіліс зал
17	Жас құтқарушы	3	16.00-17.35 *8 «Ә»,8 «В»*			16.00-16.45 *9 «А»*			8 «Ә»,8«В», 9 «А»	Балтабеков Ербол Рахимович	№1
18	Теннис	1	14.35-15.20 *9 «Б»*						9 «Б»	Бекишев Айтжан Хайроллович	Спорт зал
19	Асық	1				*12.30-13.15 5 «А»*			5 «А»	Таберхан Бержан	Спорт зал
20	Баскетбол	1			19.30-20.15 *9 «Б»*				9 «Б»	Таберхан Бержан	Спорт зал
21	Шахмат	2			13.20-14.00 *4 «Г»*		13.20-14.00 *1«В»,2«Б»*		1 «В»,2 «Б», 4 «Г»	Дауылбаева Айнаш Канышбаевна	№46
	Шахмат	2		*14.30-15.15 9 «Ә»*		*12.30-13.15 6 «Ә»*				Касымов Бөгенбай Сакенович	№46

22	Волей бол	2		*20.45-21.30 9 «А»*		*19.30-20.15 7 «Б»*			7 «Б»,9 «А»	Ержан Руслан	Спорт зал
23	Футбол	2					19.30-20.15 8 «А» 20.15-21.00 10 «А»		8 «А» 10 «А»	Бекишев Айтжан Хайроллович Шаяхмет Мерей Эрсаинович	Спорт зал
24	Жұмбақтар сандығы	4	12.00-12.30 *1 «А»*		13.20-13.55 *2 «Ә»*	13.20-13.55 *2 «Б»*	12.30-13.00 *1 «Ә»*		1 «А»,1 «Ә», 2 «Ә»,2 «Б»	Шахан Әмина Ерланқызы	№28
25	IT class	1			4 «Ә» 13.20-14.05					Хавдеш Еркин	№19
	IT class	1	4 «В» 13.20-13.50							Бершимова Айгерим Касымбековна	№17
	IT class	2				4 «А» 12.30-13.00 4 «Г» 13.20-13.50				Алина Аружан Нурлановна	№10,17

Дебат клубының атауы: «Құлагер»

Қазақ, орыс лигалары қатысады

Үйірме жетекшісі: Алина А.Н. информатика пәні мұғалімі

Оқу жылының басында «Құлагер» үйірмесінің жылдық жұмыс жоспары құрылды. Жоспарға сәйкес дайындық жұмыстары тұрақты түрде жүргізілді.Үйірме аптаның сәрсенбі күні өткізіліп тұрды.

Үйірменің 2023-2024 оқу жылының жоспар бойынша өткізілген іс-шаралары:

1.12.09.2023 ж күні "Қоғамсыз тіл,тілсіз қоғам болмайды"тақырыбына Линкольн-дуглас" форматында пікірсайыс өтті.Тіл мен адамзат қоғамының пайда болуында тікелей байланыс бар. Өйткені тіл адамзат қоғамына ғана қызмет етеді, қоғам бар жерде ғана өмір сүреді. Тілдің өмір сүруі мен дамуы жеке тұлғаның сөйлеу әркетімен байланыста түсіндіріледі.

2.21.09.2023ж күні "Төрт тоқсан-төрт өнер"жобасының аясында" Жаңа Қазақстанда ақындар айтысының дамуы"тақырыбында "Құлагер" пікірталас клубының дебаты өтті.Қазақтың қанына сіңіп кеткен суырыпсалмалық айтыс өнері күні бүгінге дейін жалғасын тауып келеді. Ол – ауыз әдебиетінде қалыптасқан ерекше жанрлардың бірі. Оның ерекшелігі сонда, айтыскерлер өлең шумақтарын аяқ астынан, тосыннан ойлап табады. Осындай өнерге тәнті болған жұрт айтыскерлерді қолпаштап, қолдау көрсетіп, шабыт беріп отырады.

3.28.09.2023 ж күні "Құлагер" дебат клубы "Айтыстың өзектілігі" тақырыбында пікірсайыс өткізді. Айтыс – азаматтыққа тәрбиелеудің,тіл үйренудің, имандылыққа

баулудың салт-сананы,тарихты білудің мінбесі десек,ақындарымыз сол биіктен көрінуі тиіс.Халықтың көкейіндегі сөзді айта білген озық ақындардың жақсы дәстүрін жалғастырып жүрген қазіргі заманның жас ақындары да салиқалы сөз айтып,халық ілтипатына ие болып жүр. Дебат Америкалық Парламенттік Форматта өткізілді.
4.02.10.2023 ж күні "Төрт тоқсан-төрт өнер" жобасының аясында" Айтыстың әлеуметтік жағдайды өзгерте ме?" тақырыбына "Құлагер" клубынан оқушыларға пікірсайыс өткізілді.Пікірсайыс көруге 8 сынып оқушылар қатысты. Айтыстардың көпшілігінде бірсыпыра әлеуметтік мәселелер қозғалып, кейбір келеңсіз жайлардың сыналып ашық айтылуы бұл өнер түрінің халыққа берер тәлім-тәрбиелік мәні орасан зор екенін айқын сипаттайды. Айтулы оқиғаларға байланысты – Қазақстанның 60 жылдығына арналған, Кенен Әзірбаевтың туғанына 100 жыл толуына орай өткізілген, Абайдың, Жамбылға 150 жылдығы арналып өткен республикалық айтыстардың орны бөлек болды.
5. 16.11.2023 ж күні "Балаларға қатысты зорлық-зомбылықтың алдын алу" тақырыбында. "Құлагер" пікірталас клубының пікірсайыс өтті.Пікірсайыс Америкалық Парламенттік Форматында өтті.
6. 05.12.2023 ж күні "Жантану әлеміне саяхат" психология апталығы іс-шаралар жоспары аясында "Құлагер "клубы әлеуметтік желінің бала психологиясына әсері тақырыбына 7-сыныптар арасында дебат өткізді.

Жоспардан тыс іс-шаралар:

1.27.10.2023 ж күні Республика күніне арналған "Қыран елім - Қазақстаным!" пікірсайыс кезеңіне турнирінін қалалық кезеңінен "Құлагер"клубы қатысты.
2.8-10.11.2023 ж Көкшетау қаласы мектептерінің 9-11 сынп оқушылары арасында Сандықтау ауданы «Жас дәурен » ЖБСЛ өтетін облыстық пікірсайыс турниріне қатысты
3.21.12.2023 ж. күні 9-шы мектепте қалалық дебатқа Мұғалім және "Құлагер "клубының мүшесі дебатқа қатысты. Америкалық Парламенттік Форматында өтті.
4.18.01.2024 ж күні Математика,информатика және физика апталығына орай,Алина А.Н."Интернет желісінің қазіргі замандағы маңыздылығы" атты сабақтан тыс іс-шара-пікірсайыс өткізді.
5.24.02.2024 күні,Көкшетау қаласының білім беру ұйымдарының оқушылар арасында орыс тілінде өткізілген қалалық пікір-сайыс жарысында "Құлагер" клубы қатысты.18.03.2024 ж Көкшетау қаласының білім беру ұйымдарының оқушылар арасында қазақ тілінде өткізілген қалалық пікір-сайыс жарысына "Құлагер "клубы қатысты.29.04.2024 ж күні Красный Яр ауылының №1 жалпы орта білім беретін мектебінде Көкшетау қаласы мектептерінің 5-6 сынып оқушылары арасындағы "Тәуелсіздік ұландары " қалалық пікірсайысына "Құлагер "клубы қатысты.

Турнирлер нәтижесі:

27.10.2023 ж күні Республика күніне арналған "Қыран елім - Қазақстаным!" пікірсайыс кезеңіне турнирінін қалалық кезеңінен "Құлагер"клубы қатысты.жеңімпаз "Құлагер"клубы-1-ші орын алды.Сертификат 30 мың теңге"Құлагер" клубынан қатысқан оқушылар:Ақылбай Диас және Қуанышбек Гауһар.Үздік спикер-Ақылбай Диас Сертификат 5 мың теңге24 ақпан күні,Көкшетау қаласының білім беру ұйымдарының оқушылар арасында орыс

тілінде өткізілген қалалық пікір-сайыс жарысында “Құлагер” клубы жүлделі 3 орын алды.Құлагер клубының атынан қатысқан мүшелері:Салимова Мерей мен Оралбай Мерей
24 ақпан күні,Көкшетау қаласының білім беру ұйымдарының оқушылар арасында орыс тілінде өткізілген қалалық пікір-сайыс жарысында “Құлагер” клубы жүлделі 3 орын алды.Құлагер клубының атынан қатысқан мүшелері:Салимова Мерей мен Оралбай Мерей
18.03.2024 ж Көкшетау қаласының білім беру ұйымдарының оқушылар арасында қазақ тілінде өткізілген қалалық пікір-сайыс жарысына “Құлагер ”клубы қатысты.

2023-2024 оқу жылында «Шебер қолдар» үйірмесінің жылдық жұмысы туралы

Үйірме жетекшісі Мешитбаева К.Ж.

2023-2024 оқу жылы. М.Ғабдуллин атындағы №3 көпсалалы гимназияда оқу жылының қыркүйек айынан бастап «Шебер қолдар» үйірмесі жұмыс істеді. Үйірмеге 5Ә,7А, 7Ә сынып оқушылары қатысты. Үйірме сабақтары «Техникалық еңбек кіріспе ұйымдастыру жұмыстары. Технологиялық мәліметтер. Үйірменің мақсаты, маңызы, қолданылуы, әдіс-тәсіл жұмыс түрлері. Қажеттілік материал әзірлеу, жұмыс орны ережелерімен таныстыру» тақырыбынан басталды.Үйірме оқушылары қолөнер саласының қыр сырын меңгерумен қатар, практикалық машықтану біліктілігін арттырып отырды. «Эстетикалық пәндер апталығында» оқушылар өз қолдарымен Дефелье жасап, әртүрлі киім үлгілерін қолдан дайындады.

Апталықтың жабылуына орай « Ал, қане, қыздар!» сайысына белсене қатысты. «Алтын күз» қалалық көрмесіне күз бейнесіндегі икебаналар жасады.Оқу жылында үйірме оқушылары қалалық, облыстық «Бояулар құпиясы» сурет салу конкурсына қатысты, «Менің отбасым» сурет көрмесін ұйымдастырды, «Алтын күз» сурет конкурсына және Республикалық «Бояулар құпиясы» сайысына қатысты.

«Шебер қолдар» үйірмесі оқушылары ілмекбізбен тоқу, тоқыма өнеріне қызығушылық танытты. Тоқу өнері туралы түсінік беріліп, керекті құралдармен танысты.Оқушылар тоқу әдіс-тәсілдерін технологиясын меңгерді.

2023-2024 оқу жылында «Шебер қолдар» үйірмесі оқушылары мектепте, қала бойынша жоспарланғн іс шараларға белсене қатысты. Наурыз мерекесіне орай және 1 мамыр Бірлік күніне орай қалалық көрмеге белсене қатысты. Мектепті безендірді, Киіз үйді жабдықтады.
Осы үйірмеге қатысқан оқушылар іскерлігі мен дағдыларын, білімдерін қалыптастырды.
«Шебер қолдар» үйірмесінен алған білім, дағдылары осы оқушылардың жалпы білім сапасының көтерілуіне әсер етті, және болашақта мамандық таңдау мәселесіне көмегін тигізеді.
2023-2024 оқу жылында «Шебер қолдар» үйірмесінің жоспарлаған сағаттар толық өткізілді.Жоспарланған оқу бағдарламасы 100 % орындалды.

2023-2024 оқу жылы «Интерьер дизайны» үйрмесінде 7 «Б», 10 «Ә» сынып оқушылары қатысты. Тақырыптық жоспар бойнша әр топта жұмасына 1 сағаттан 34 сағат өтті.

Оқушылар жұмыс барысында «сызық», «түс», «пішін», «бет бедер», «көлем», «ырғақ» секілді ұғымдармен танысты. Дизайн үрдісінде балалардың қоршаған әлем туралы түсініктері тереңдей түсті, заттардың сапасын айыра білуді, олардың өзіндік ерекшеліктері мен бөлшектерін еске сақтауды, бейнелеу дағдылары мен ептіліктерін меңгерп, оларды қолдану жолдарын үйренді.

Үйірме экран көрнекіліктер, слайдтар, фотоаппарат, бейне, үнтаспа жазбаларының көмегімен түрлі форматта өтті. Мәселен, бейнетаспаға жазылған топсеруенде өткізілген табиғатты бақылау, еңбек-жапырақтарды жинау сәттерін сабақ барысында қолдануға болса, жұмыс барысында музыкалық әуендерді, яғни үнтаспаны қолданылды.

Үйірме сабақтарында балалардың жас ерекшелігі ескеріліп, интерьер дизайн жобаларын өтіп, жан-жақты талқылап, көптеген нобй жұмыстарын жасап, практикалық жұмыстарға қатысты.

2023-2024 оқу жылының басынан «Көпсайыс» үйірмесі жүргізілуде. Үйірме жоспарға сай бекітілген. Аптаның әр дүйсенбі,сейсенбі,бейсенбі күндері үш кезекте жүргізілетін үйірмеге 8,9 сыныптар арасындағы оқушылар қамтылған. Аптасына әр сыныпта 1 сағат, жылдық жоспарда 34 сағат. Көпсайыс үйірмесінің мақсаты мен міндеті түсіндіріліп, әр сабақ сайын әдіс-тәсілдері пысықталып отырады.

Оқу жылы ішінде "Көпсайыс" үйірмесінде 15 оқушы қатысты: оның ішінде қыздар - 6; ұлдар-9. Оқушылардың жасы-13 жастан 15 жасқа дейін.

Президенттік көпсайыс - жарыстары бір немесе бірнеше спорт түрлерінің әр түрінен өткізілетін спорт түрі. Президенттік көпсайыс жазғы және қысқы болып бөлінеді. Жазғы көпсайыс келесі спорт түрлерін қамтиды: қысқа және ұзақ қашықтыққа жүгіру, орнынан ұзындыққа секіру, лақтыру, пневматикалық мылтық ату және жүзу.

Оқушылардың 2023-2024 ж.ж. жетістіктері

Таласпай Диас	10Б	Қалалық президенттік шаңғы жарысынан 3-орынға ие болды

2023-2024 оқу жылының басынан «Шахмат» үйірмесі жүргізілуде. Үйірме жоспарға сай бекітілген. Аптаның әр сейсенбі,бейсенбі күндері екі кезекте жүргізілетін үйірмеге 6,9 сыныптар арасындағы оқушылар қамтылған. Аптасына әр сыныпта 1 сағат, жылдық жоспарда 34 сағат. Шахмат үйірмесінің мақсаты мен міндеті түсіндіріліп, әр сабақ сайын әдіс-тәсілдері пысықталып отырады.

Оқу жылы ішінде "Шахмат" үйірмесінде 49 оқушы қатысты: оның ішінде қыздар - 22; ұлдар-27. Оқушылардың жасы-12 жастан 15 жасқа дейін. Үйірменің қызметі оқушылардың жеке психологиялық ерекшеліктерін ашуға бағытталған.

Үйірменің мақсаты-шахмат сабақтары арқылы интеллектуалды шығармашылық,

дарынды тұлғаны дамыту үшін жағдай жасау; білім алушыларды шахмат ойнауға үйрету.

Оқушылардың 2023-2024 ж.ж. жетістіктері

Есен Әлішер	7Б	Облыстық шахмат жарысы II орын, Көкшетау қаласының құрметті азаматы Айтқажы Қазбекұлының 90 жылдығына арналған қалалық шахмат турнирі «Ең үздік» ойыншы номинация иегері
Мейрамұлы Ерасыл	5 Ә	қалалық шахмат жарысы III орын
Әбусағит Әлишер	5 Ә	қалалық шахмат жарысы III орын
Әлқожа Әдия		қалалық шахмат жарысы III орын
Қайыркен Нұрдаулет	10Б	қалалық шахмат жарысы III орын Қазақстан халқының бірлігі күніне арналған педагогикалық еңбек ардагері Қайрат Қалымұлы Бекеновті еске алуға арналған жалпы білім беретін мектептердің оқушылары арасында жылдам шахматтан облыстық ашық турнирінде II орын
Оралбай Мерей	9Б	қалалық спартакиада шахмат жарысы III орын
Сембай Алдияр	10Б	қалалық спартакиада шахмат жарысы III орын
Нуран Нуржан	10Б	қалалық спартакиада шахмат жарысы III орын

«Жұмбақтар сандығында» атты үйірмесі жалпы білім беретін мектептердің бастауыш сыныптарына арналып жасалынды.
2023-2024 оқу жылының басынан «Жұмбақтар сандығында» үйірмесі жүргізілуде. Үйірме жоспарға сай бекітілген. Аптаның әр дүйсенбі, сәрсенбі, бейсенбі, жұма күндері екі кезекте жүргізілетін үйірмеге 1-2 сыныптар арасындағы оқушылар қамтылған. Аптасына әр сыныпта 1 сағат, жылдық жоспарда 34 сағат. Жұмбақтар сандығында үйірмесінің мақсаты мен міндеті түсіндіріліп, әр сабақ сайын әдіс-тәсілдері пысықталып отырады.
Оқу жылы ішінде " Жұмбақтар сандығында " үйірмесінде 98 оқушы қатысты: оның ішінде қыздар - 47; ұлдар-51. Оқушылардың жасы-6 жастан 8 жасқа дейін. Үйірменің қызметі оқушылардың жеке психологиялық ерекшеліктерін ашуға бағытталған.
«Сазды сәлем» үйірмесі
Үйірмеге қатысушы оқушылар оқу жылының басынан бастап әр түрлі мектеп ішілік, қалалық, облыстық іс шараларға, байқауларға белсенді қатысты.Атап айтар болсақ:
1.Тәтті дауыс қалалық байқауда қатысқан Кабдрашева Назлы
2.Балғын балалар біздің болашағымыз фестиваліне қатысқан Имакова Ясмина
3.Әншуақ фестиваліне қатысқан Хасен Аяулым
4.Әншуақ фестиваліне қатысқан Таймыс Самира
5.Жас талант қалалық байқауда 3 орын Амринова Айғаным

6. Жас талант қалалық байқауда 3 орын Нұрлан Іңкәр
7. Жас талант қалалық байқауда Гран при Азаматұлы Әмірәлі
8.Қара жорға қалалық байқауда Гран при Азаматұлы Әмірәлі
9.Тәтті дауыс қалалық байқауда 3 орын Хасен Аяулым
10. .Тәтті дауыс қалалық байқауда 3 орын Амринова Айғаным

«Музыка әлемі» үйірмесі

Үйірмеге қатысушы оқушылар оқу жылының басынан бастап әр түрлі мектеп ішілік, қалалық, облыстық іс шараларға, байқауларға белсенді қатысты.Атап айтар болсақ:

1. Әлем әнмен ажарлы облыстық байқауының 3 орын Таймыс Самира
2. Облыстық Екі жұлдыз фестиваліне қатысқан Имакова Ясмина
3. Облыстық Екі жұлдыз фестиваліне қатысқан Азаматұлы Әмірәлі
4. Мәңгілік жас қыран елім-Қазақстан Облыстық байқауының 3 орын иесі Серікбай Айлана
5. Қасиетті домбыра Облыстық байқауының 1 орын иесі Азаматұлы Әмірәлі
6. Фариза Фаризажан Фризақыз республикалық байқауы 1 орын Азаматұлы Әмірәли
7. Art fest 2024 республикалық байқауы 2 орын Серікбай Айлана

ДТІЖЖО : Кенжина А.Б.,Тержанова О.Ж.